ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

***С.Қ. Алтайбаев***

# ҚҰРБАНТАНУ

*(Виктимология) Оқу құралы*

Buketov University

ҚАРАҒАНДЫ
2024

ӘОЖ 343.9 ҚБЖ 67.5 А 46

*Қазақстан Республикасы ІІМБ. Бейсенов атындагы*
*Қарағанды академиясы Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды*

Пікір жазғандар: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., доцент ***А. Ж. Машабаев;*** Орталық Қазақстан академиясының бірінші проректоры, ғылым және стратегиялық даму жөнінде проректор, заң ғылымдарының докторы, профессор ***З.С. Тоқыбаев.***

***С. Қ. Алтайбаев***
***А 46*** Құрбантану: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2024. — 83 б.

Оқу құралы құрбантанудың пәні мен затын, қылмыс құрбанын, олардың мінез-құлқының сипатын, сонымен қатар, қылмыстылыққа әсер етудің құрбантанулық бағыттары және тұрмыстық-отбасылық күш қолдану қылмыстарын құрбантанулық алдын алуды қарастыратын дәрістерден, емтихан тапсыруға арналған бақылау, тест сұрақтарынан, дипломдық жұмыстар тақырыптарынан тұрады.

Оқу құралы заңдық білім беретін оқу орындарының студенттері мен тыңдаушыларына, магистранттар мен оқытушыларға және тәжірибелік қызметкерлерге арналған.

Оқу құралы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

ӘОЖ
343.9 ҚБЖ
67.5

I8БК 978-601-7499-61-7

*© Қазақстан Республикасы ІІМ*
*Б. Бейсенов атындағы © Қарағанды академиясы, 2024;*
*© Алтайбаев С.Қ., 2024*

Buketov University

# КІРІСПЕ

Соңғы он жылда елімізде саяси, әлеуметтік, экономикалық және т. б. өзгерістермен қоса жеке адам басында да өзгерістер болуда. Жаңа заманда бұрын қаралмаған, назарда болмаған мәселелер өзгеше бағыт алып, кеңінен қарауға еріксіз көндіруде. Соның бірі, қылмыс құрбанына қатысты мәсе- лелер, құрбанды қорғау, оның заңды құқықтары мен шығындарын қалпына келтіру және тағы басқалары.

Қылмыс құрбанын қорғауды шешу мәселелері қазіргі таңда жаңаша, озық тәжірибе мен біліктілікті талап етуде. Әдетте, қылмыс құрбандарының санының өсуі, оның мемлекеттік деңгейде шешілмеуі жаңа проблеманы тудырады, және құрбантану қызметінің толық жүзеге асуына ерекше міндеттер жүктейді.

Құрбантану — «құрбан туралы ілім» (біздің салада қылмыс құрбаны танылады) - криминология ғылымында қылмыс құрбанына байланысты барлық жайттарды, ең бастысы, қылмыстың құрбаны болуға жағдай туғы- затын себептер мен шарттарды зерттейтін кенже дамыған бағытының бірі саналады.

Шартты түрде құрбантанудың пайда болу мерзімін неміс криминологы Ганс фон Гентингтің «Қылмыс және оның құрбаны» атты мақаласының жарыққа шыққан 1941 жылмен байланыстырады. Гентинг қылмыстық істерді талдай келе қылмыстың болуына азғырушы, жол беруші немесе қатысушы құрбандар болады деген қорытындыға келген.

Құрбантанудың негізгі сұрақтары — адам неге қылмыстың құрбаны болды және құрбан болмас үшін не істеу қажет.

Заң әдебиеттерінде құрбантануға қатысты түрлі тұжырымдар, пікірлер, ұстанымдар бар. Бір ғалымдар - құрбантануны криминологияның бір бағы- ты деп санаса, басқалары, құрбантануны - өзінше жеке ғылым ретінде қарастырады. Қазіргі таңда айтылғандардың бірінші ұстанымымен келісуге болады. Құрбантанудың жеке ғылым ретінде танылуы үшін оған белгілі бір уақыт керек, жалпы құрбан туралы жаңа біліммен толығуы қажет, тек қылмыс құрбанына қатысты ғылымның әдістемесін дамытып қана қоймай ауқымын кеңейтуі тиіс. Дегенмен де, барлық мамандар құрбантану пәнінің мазмұнына, міндеттері мен мақсаттарына келгенде таластары жоқ.

Құрбантанудың зерттейтін пәні қылмыс жасау сәтіне дейінгі қандайда бір байланыстардың салдарынан, мінез-құлықтарынан (қылмыстан кейінгі- сін де қосқанда), жағдайлардан моральдық, физикалық (дене) немесе материалдық шығын келтіргенге дейінгі, қылмыскер мен құрбанның ара- сындағы байланыста зиян шеккен адам болып танылады.

Құрбантанудың мақсаты (кең көлемде) жан-жақты, толық, құрбанның жеке

Buketov University

басын зерттеу, нақты қылмыстың жасалу механизміндегі оның рөлін және құрбандануын анықтау, яғни, болған қылмыстың жәбірленушісіне айналу процесін зерттеу болып табылады.

Құрбантанудың міндеті құрбан рөлінде болған адамдарды, соған қоса, тікелей қылмыс құрбаны болып танылмаған адамдарды да зерттеу. Құрбантану жәбірленушінің жеке басы туралы ғылыми ақпараттарды жүйелей отырып, біртекті құрбантанулық тұжырымдар жасап, құрбандану мәселе- сінің міндеттерін шешеді.

Қазіргі таңда бұл саланың мамандарына жаңа талаптар жүктелуде. Мысалы, заң әдебиеттерінде құрбантану саласында мамандарды даярлау сұрақтары туындауда. «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша мем- лекеттік білім беру стандартында заңгер - азаматтық тұрғыдан толысқан, қоғамда жоғары белсенділікке ие, кәсіби, құқықтық және психологиялық жағынан мәдениетті, заңдылықтарға жоғары құрметпен қарайтын, құқықтық мемлекеттің әлеуметтік құндылықтарына құнтты, жоғары адами саналы, моральдық сенімге тұрақты, тапсырылған іске, адамдар тағдырына жауапты, жеке адамдардың бостандығы мен заңды мүдделерін, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуде құқықтық шешімдер қабылдай алатын маман болуы тиісті. Кейбір заңгерлердің ашық дөрекілігі, заңдық тұрғыдан нашар даярлығы мен сауатсыздығы жаппай халықтың заңға деген сенімсіздігін тудырып, теріс қабылдауларына әкеп соғатынын да ұмытпауымыз керек.

Заңгер дайындаудың басты мақсаты — қоғамның талабына сай заманауи және болашаққа қажетті жоғары білікті мамандар дайындау. Міне, осы жерде сұрақтардың туындайтыны шындық. Қазіргі заманның ағысына сай заңдық білімдерді беру кезінде оның мазмұны мен білім берудің ұтымды тетіктерін қайта ой өзегінен өткізген жөн. Оқу жоспарларын ізгілендіру қажет - ойлаудың шығармашылықтық бағытын толық қамту бағытына басымдық беру.

Курстың мақсаты — тыңдаушылардың құрбантанулық теория мен тәжірибенің бастауларынан білім алуда алғашқы түсініктер мен дағдыға үйрету.

Құрбантанудың міндеттері оқыту пәніне ұқсас — құрбан рөлінде болған адамдарды, соған қоса, тікелей қылмыс құрбаны болып танылмаған адамдарды да зерттеу. Құрбантану жәбірленушінің жеке басы туралы ғылыми ақпараттарды жүйелей отырып, біртекті құрбантанулық тұжырымдар жасап, құрбандану мәселесінің міндеттерін шешеді. Тыңдаушылар қылмыс құрбанына қатысты қолданбалы криминологиялық зерттеудің негізгі амалдарын, қауіпсіз мінез-құлық нормаларынан ауытқудың себептері мен шарттарын, құрбанның жеке басын, соған қоса, қандай да бір жанжалдық жағдайда қауіпсіз мінез-құлық ұстану әдістемесін де меңгерулері тиіс.

Қолданыстағы заңнамаларды зерделеу негізінде және құрбантану теориясын

Buketov University

оқу бойынша әрбір тыңдаушы сот тәжірибесінің материалын өз бетінше сараптап баға бере алуы тиісті.

Оқу құралы «Құрбантану негіздерін» оқытуда тыңдаушыларға көмек бере алады. Құралдың құрылымы кіріспеден, бес дәрістік тақырыптардан, сынақтың бақылау және тест сұрақтарынан, дипломдық жұмыстар тақырып- тарынан, виктимолгиялық терминдер сөздігінен, соған қоса, ұсынылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Дәрістердің тақырыптары құрбантанудың пәніне және негізгі ұғымда- рына, қылмыс құрбандары мен оның мінез-құлықтарына, қылмыстылыққа әсер етудің құрбантанулық бағыттарына және қазіргі таңдағы отбасылық- тұрмыстық саладағы күш қолдану қылмыстарының алдын алуға арналған.

Оқу құралын құрастыру барысында тізімде берілген әдебиеттер кеңінен қолданылды. Негізгі әдебиеттердің қайнар көздері болып келесі белгілі ғалымдардың еңбектері танылады - Л.В. Франк, Д.В. Ривман, В.С. Устинов, В.Е. Квашис және т. б.

# 1. ҚҰРБАНТАНУ ҰҒЫМЫ МЕН ПӘНІ

***«Құрбантану негіздері» курсына кіріспе***

Қазақстанның жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылысқа өтуіне бай- ланысты қылмыстың саны ғана өзгермей, соған қоса қылмыстардың сапасы да басқа бағыттарда белең ала бастады. Соңғы 10-15 жылдың көлемінде бірнеше есеге өскенін статистикалық сандар да көрсете алады. Оның ішінде кең көлемде етек алған қылмыстың түрі ұйымдасқан қылмыстардың еншісіне тиеді.

Тұрғындардың да құрбандануы сандық және сапалық жағынан өзгерді. Жыл сайын арнайы мыңдаған жәбірленуші тіркеледі екен. Қасақана қыл- мыстардың салдарынан адамдар өледі. Көптеген адамның денсаулығына ауыр зиян келтіріледі.

Адам өлтірудің коэффиценті Қазақстан халқының 10 мыңына шаққанда әлемнің бірқатар елдерінен алдыда тұр.

Қасақана және қасақана күш қолдану қылмыстарының жай-күйі алаң- датарлық жағдайда. Барлық қылмыстылықтың ішінде олардың үлес салмағы 80 % құрайды.

Аталған қылмыстылықтың виктимделу/құрбандану үдерісі үдемелі жағдайда. Соңғы жылдары ұрлықтың саны 10 есеге өскен, қарақшылық пен тонау - 5 есеге, алаяқтық - 3 есеге өскен.

Осыған байланысты тақау арада бұл қарқынның қалыпты жағдайға келеді деген болжамға негіз де жоқ.

Еліміздегі қалыптасқан виктимділік жағдайы тек құқық қорғау орган- дарының назарын ғана емес сонымен қатар, ғылыми тұрғыдан да жіті назар

Buketov University

салуды талап етуде.

Қылмыстың құрбандарын зерттеу қылмыспен күресудің көптеген проблемаларын шешіп қана қоймай, соған қоса олардың қорғалу мәселелерін де шеше алады.

Криминологиялық теория мен тәжірибедегі келешегі бар бағыттарының бірі ретінде құрбантануны атауға болады.

Қылмыс жасауға себеп болатын себептер мен шарттарды зерттегенде белгілі бір дәрежеде қылмысқа құрбандардың мінез-құлқындағы әрекеттері себеп болады деген қорытындыға келуге болады.

ХХ ғасырдың ортасында қылмыстардың алдын алу аясында ғылыми зерттеулердің негізгі пәні болып қылмыстылық әлеуметтік құбылыс ретінде қылмыстың өзін, қылмыскерді қарастырғанын атап өтуге болады. Бірақ тәжірибе қызметкерлері үшін қылмысты ашу мен тергеуде бұл жеткіліксіз болды. Бұл кезеңде (ХХ ғасырдың ортасына қарай) қылмыс құрбанын, оның әлеуметтік деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін, қандайда өмір жағдайындағы мінез-құлқының реттелуін әбден, егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігі жөнінде мәселе қаралған болатын.

Қылмыс жасауға жол ашатын себептер мен шарттарды зерттеу көп қылмыстардың болуына құрбандардың өздерінің мінез-құлықтарына шарттасып жатады деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан құрбантану үшін «ауытқушы мінез-құлықты» құрбандар ерекше қызығушылық туды- рады.

Бірақ, біз құрбантану «кесірлі», «кері кеткен», «кінәлі» құрбандарды зерттейді десек қателескен болар едік. Құрбандарды жан-жақты зерттеуді келесідей мазмұнда қарастырған жөн:

а) өзінің мінезіне қарай кейбір жағдайда жәбірленушілер тап болатын, құқықтық және моральдық тұрғыдан жағымды ретінде танылатындар (мысалы, қызметтік міндетін атқару кезінде немесе белгілі бір мәртебеге ие адам);

б) жәбірленушілер жөніндегі мәліметтерді жалпылау қылмыстылықтың нақты болған жағдайын және әлеуметтік салдарын анықтауға көмектеседі.

Қылмыстық әрекет механизмін түпкілікті ашуға құқық бұзушының тарапының да, жәбірленуші тарапының да барлық элементтеріне жан-жақты талдау жасау жолымен ғана жетуге болады. Криминология теориясында қылмыс құрбанымен байланысты барлық заңдылықтарды зерттеу қызметін құрбантану өзіне жүктеген.

Құрбантанудың мақсаты (кең көлемде) құрбанның жеке басын, нақты бір қылмыс механизміндегі оның рөлін және виктимделуін, яғни, қыл- мыстың жәбірленушісі болу процесін толық, терең, жан-жақты зерттеу болып табылады.

Дертті, ауруды емдеуден көрі оның алдын алу әлдеқайда жеңіл, тиімді.



Buketov University

Құрбантанудың міндеттері құрбан рөлінде болған адамдарды, соған қоса, тікелей қылмыс құрбаны болып танылмаған адамдарды да зерттеу. Құрбантану жәбірленушінің жеке басы туралы ғылыми ақпараттарды жүйелей отырып, біртекті құрбантанулық тұжырымдар жасап, құрбандану мәселесінің міндеттерін шешеді.

Оның қайнар көздері қылмыстық құқық, криминалистика, заң психологиясы, сот медицинасы және т. б. болып табылады.

Сонымен қатар құрбантану жәбірленушінің өзінің мінезінен, жүріс-тұрысынан, жеке ерекшеліктерінен құқыққа қарсы әрекеттің болуына себеп болатын жағдайларды болдырмауда қорғаныс шараларын қалыптастыруға көмектеседі.

***Құрбантанудың түсінігі мен пәні***

Құрбантану/Құрбантанудың сөзбе-сөз аудармасы - «құрбан туралы ілім» (лат. ^ікііта - құрбан - грекше Іодок - ілім, білім).

Құрбан — тұрақты, болмай қоймайтын элемент, табиғи, әлеуметтік, технологиялық процесстердің салдары. Адамға қауіптің жан-жақтан болатыны белгілі. Ол экологиялық апаттың, кездейсоқ жағдайдың, техникалық қауіпсіздік ережесін бұзудың және басқа да криминалды емес жағдайдың құрбаны болуы мүмкін.

Қазіргі таңдағы құрбантанулық зерттеулердің деңгейіндегі криминалды емес бағыттарын атап қана өтілетінін ескертеміз. Нақты тек пәні қылмыстың құрбанымен байланысты криминологиялық (криминалды) құрбантану ғана бар.

Криминологиялық құрбантану криминологияның ауқымында заңды пайда болған ғылыми-қолданбалы бағыты, ол әлеуметтік тәжірибелердің себепті қажеттіліктеріне қарай келесідей сұрақтарға жауап іздеді: қандайда бір жағдайда, қандайда бір адамдардың немесе әлеуметтік топтардың басқаларға қарағанда дәл сондай жағдайда неге жиі құрбан болады?

Құрбантану қазіргі таңда дәстүрлі қалыптасқанынан өзгерген, қандайда бір криминалдық жағдайдың құрбаны болған немесе келеңсіз жағдайға тап болған адамның жағдайы өзгеше. Ол нақты қауіпті жағдайдың объектілік мәнді элементі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, құрбан мен зардап келтіруші де құрбан тарапынан қаралады: жағдайға аз әсер еткен кінәлі адамның өзі де болмақ (кей жағдайда).

Криминалды құрбантану криминологияда жалпы қалыптасқан «құрбан» терминімен қатар қылмыстың құрбаны жәбірленуші ретінде танылды ма, жоқ па, оған қарамастан «жәбірленуші» терминін ұштастырады. Мінез- құлықтары теріс болып танылған құрбандар, әдетте, процессуалдық тұрғыдан жәбірленуші деп тануды жоққа шығарады, бұл құрбантану үшін үлкен қызығушылық тудырып, қылмыстың механизміне салмақты үлес қосады. Сол себепті,

Buketov University

құрбантанудың зерттеу пәні болып қылмыспен келтірілген физикалық, моральдық немесе материалдық зардап келтірген адам; жасалған қылмысқа (қылмыстан кейінгі мінез-құлықты қоса) байланысты мінез-құлықтары; қылмыс болғанға дейінгі құрбан мен қылмыскердің арасындағы байланыстыратын қарым-қатынастары; зардап келтіруге әкелген жағдайлар.

Сонымен ***құрбантанудың зерттейтіні:***

- адам қандайда әлеуметтік шартты, эмоциялық, еріктік, моральдық сапаларына қарамастан неге қылмыстың жәбірленушісі болды? - деген сұраққа жауап беру үшін қылмыстан жәбірленгендердің (қылмыс құрбандарын) моральдық-психологиялық және әлеуметтік сипаттамаларын зерттейді;

- қылмыскердің әрекет ету қозғамына, қылмыстың болуына себеп бола- тын жағдайдың туындауына екеуінің қарым-қатынастарының қаншалықты байланысы бар? - деген сұраққа жауап беру үшін қылмыскер мен жәбірленушіні байланыстырушы қарым-қатынастарды зерттейді;

- қылмыскердің мінезімен қоса әрекеттестік жағдайы, жәбірленушінің (әрекет және әрекетсіздігі) мінез-құлқының маңыздылығы қаншалықты? - деген сұраққа жауап беру үшін қылмысқа жол ашатын жағдайлар, тікелей қылмыстық жағдайларды зерттейді;

- өзінің құқықтарын қалпына келтіру үшін қандай шешімдер қабыл- дайды, құқық қорғау органдарына, сотқа жүгіне ме, шындықтың болуына көмектесе ме, әлде кедергі келтіре ме? - деген сұраққа жауап беру үшін жәбірленушінің қылмыстан кейінгі мінез-құлқын зерттейді;

- белсенді құрбандар мен нақты жәбірленушілерді қорғауда қолданы- латын алдын алу шараларының жүйесін зерттейді;

- қылмыспен келтірілген зардаптың орнын толтырудың, бірінші кезекте жәбірленушінің (құрбанның) физикалық қалпына келуінің жолдарын, мүмкіндіктерін, тәсілдерін қарастырады.

Құрбантану бұнымен ғана шектеліп қалмайды, ол соған қоса жаппай қоғамдағы осал тұстарды, жеке әлеуметтік, кәсіби және т. б. топтардың әлсіз, осал тұстарын да зерттеп, заты ретінде қарастырады.

Құрбантанудың мүмкіндіктерін тәжірибеде қолдану келесі мәселелерге байланысты бола алады:

- неге кейбір адамдар басқаларына қарағанда тез немесе жиі қылмыстың құрбаны болады?

- қылмыстың механизмінде жәбірленушінің рөлі қандай?

- қылмыскер мен құрбанды байланыстырушы қатынастары криминологиялық тұрғыдан мәні қандай?

- құрбанның әлсіздік дәрежесіне қарай қылмыскердің қоғамға қауіптілік шамасы қаншалықты?

Buketov University

Қазіргі таңдағы құрбантану дамуының өзектілігі криминологиямен байланыстылығын қарастырады, сондықтан екі бағыттағы көзқарас бар - құрбантану - криминология, криминалистика, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу үшін қосымша болатын жеке, дербес ғылыми пән (Л.В. Франк, Ю.М. Антонян), және криминологияның аясында дамып келе жатқан ғылыми жаңа бағыт (Д.В. Ривман, В.С. Устинов).

Buketov University

В.И. Полубинскийдің айтуы бойынша құрбантану - арнайы жеке дара кешенді ғылыми пән[1].

И.А. Фаргиевтің пікірінше құрбантану қылмыстық құқықта жәбірлену- шіні оқытатын пәнінен өзгеше, өзінің зерттеу пәні бар жеке криминология- лық теория. Заңдық пәндер жәбірленушіні зерттегенде өздерінің қырынан қарайтындықтары белгілі. Ал құрбантану болса заңдық циклдерге бұрылмай зерттеу пәнін кең көлемде қарай алатындығымен ерекше. Оған қоса сәйкесінше белсенді түрде ғылыми және тәжірибелік материалдарды да кеңінен қолдана алады[2].

Доцент К.В. Вишневский өзінің «Ресей криминологиясындағы виктим- ділік және виктимизация ұғымының дамуы» атты мақаласында «Бүгінде Ресей құрбантанусы заңдық, әлеуметтік, психологиялық сипаттағы білім- дерді белсенді кіріктіретін кешенді ғылым болып танылады» - деп жазады. Мақаланың қорытындысында: «осындай криминологияның бөліміне құрбантанудың рөлі қандай болып табылады» - деген[3].

Құрбантанудың жаңалығы — криминологияда аз зерттелген жәбір- ленуші мен оның мінез-құлқына басты назар сала отырып, криминоло- гиялық механизмнің дәстүрлі әдеттегі түсініктеріне өзгерістер әкелді, криминалдық процесстерге енудің жаңа жолдарын ашып, қылмыстылықтың саласына бақылау жасаудың, алдын алу шараларын күшейтудің тың бағыттарын айқындады.

Құрбантану проблемалары жөніндегі пікірталастар шетелдерде де бар. (Б. Мендельсон және Х. Нагель). Г. Кайзер құрбантанудың болуы мен пайдасы жөнінде айтылған күдіктерге әлдеқайда негізді пікір білдіреді.

Аталған мәселелері қарастыра келе, құрбантану — бұл тек теория ғана емес, қылмыстылыққа әсер ететін тәжірибелік те бағыт екендігін айтуға болады. Сонымен, зерттеулер жүргізу барысында виктимологтармен зертте- ліп талданған шараларды өмірде жүзеге асыру қылмыстылықтың алдын алуда жағымды нәтиже алуға жол ашады.

***Құрбантанудың пайда болуы мен дамуы***

Г. Лупаревтің айтуы бойынша құрбантану — қылмыс құрбандары жөнін- дегі арнайы білім саласын зерттейтін жас заң ғылымы, соған қарамастан, оның

---

1 Полубинский В.И. Жертва в контексте виктимологических исследований // Научный портал МВД России. — 2008. — № 2. — 64-б.

2 Фаргиев И.А. Уголовно-правовые и криминологические основы учения о потерпевшем. — Ростов н/Д., 2005. — 270-б.

3 Вишневецкий К.В. Развитие понятий виктимности и виктимизации в Российской криминологии // Криминологический журнал. — 2007. — № 1 (11). — 29-б.



Buketov University

алғы шарттары мен күнделікті шешімдері халық арасында бұрыннан қалыптаса бастаған[4]. Ел аузындағы мақал, мәтелдердің өзінде құрбандардың қылмыстылыққа бастайтын мінез-құлқы мен жүріс-тұрыстары, құрбандану-дың шарттары және т. б. жөнінде көрініс тапқан.

19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында құрбандылық туралы тақырыптар криминолог, заңгерлер мен психологтардың еңбектерінде көрініс таба бастады.

Құрбантанулық тақырыптардың алғашқы бастамашыларының арасынан - А. Фейербахты «Атышулы қылмыстардың құжаттық баяндалуы» және Ф.Т. Джас - «Адам өлтіру және оның қозғамдары» - атты еңбектердің авторларын атауға болады. Екі автор да криминалдық мәселелерді қозғай келе, моральдық тұрғыдан адам өліміне (қылмыскермен қоса) ішінара жауапты болған қылмыс құрбанына назар аударады.

Құрбантанудың «әкесі» деп қандайда бір ғалымды бөліп қарау немесе алғашқы бастаушысы деп атау қазіргі таңда қиын. Дегенмен, құрбантанудың дүниеге келуін шартты түрде 1941 жылдан деп белгілеу қабылданған, сол кезде АҚШ-на жер аударылған неміс криминологы Ганс фон Гентингтің (1888-1974 ж.ж.) «Қылмыскер және оның құрбаны» - деген мақаласы жарыққа шығады, онда қылмыстық істерді талдай келе, құрбандардың қылмыскерге көнгіш, әрекеттесетін немесе арандатушы түрлері болатын- дығы жөнінде айтқан.

Гентинг құрбантану нәрсесінің ұғымы ретінде үш категорияны бөліп қарастырады:

1. Қол сұғушы - құрбан;
2. Жасырын құрбан;
3. Қол сұғушы (зиян келтіруші) мен құрбан арасындағы қарым-қатынасы.

Гентинг құрбанның жеке басын ерекшелеп алатын түрлі қарапайым жағдайлар мен қарым-қатынастарды қарастыра келе, құрбанның түрлі типтерін бөліп алған.

«Құрбантану» ұғымына Б. Мендельсон 1947 жылы Бухарестте болған психиатрлар конференциясында өзінің баяндамасында ғылыми тұрғыдан негіздейді. Оның еңбегінде «құрбан» ұғымына түсінік беріліп (құрбанның бес түрі аталады - кінәсіз құрбан; жеңіл кінәсі бар құрбан; қол сұғушымен тең кінәдағы құрбан; қол сұғушыдан кінәсі артық құрбан; нақты кінәлі құрбан), соған қоса, «қылмыстық жұп» (агрессия мен құрбан арасындағы үйлеспеушілік), «құрбандылыққа үміткер», «құрбан-азғырушы», «құрбан-агрессор» және т. б. ұғымдары енгізіледі.

---

[4] Лупарев Г. Виктимологическая мудрость народов в пословицах и поговорках // Законность. — 2006. — № 1. — 53-б.

Buketov University

Мендельсоннан тыс американдық социолог Ф. Вертхам да «құрбантану» ғылымын құруды ұсынады.

Батыс елдерде құрбантанулық зерттеулерден Р. Гассердің, Х. Нагельдің, А. Фаттахтың және т. б. еңбектері елеулі орын ала алады.

1973 жылы құрбантану бойынша халықаралық конференция өткізіледі.

80-ші жылдары Батыста құрбантану жоғары қарқынмен дами бастады.

Құрбантану теориясының дамуына 70 жылдары осы пәннің ғылым ретінде бағыт алып, институттарының құрылуы көмек болды. Сол кезде құрбантану жөніндегі мәселелер мерзімді басылымдарда көптеп шыға бастады, құрбантанудың өзекті проблемаларын қарастыратын халықаралық конференциялар жүйелі түрде өткізіліп, көптеген елдерде құрбантанулық қоғамдардың құрылуына себеп болды. Ал, 1979 жылы халықаралық конгрессте Бүкіләлемдік құрбантанулық қоғам құрылды.

1990 жылы 22 ақпанда Англия өкіметімен «Қылмыс құрбандарының хартиясы» жарияланған кезден бастап бұл күн халықаралық құрбандарды қолдау күні болып белгіленді (өкінішке орай Қазақстан құрбантануға байланысты халықаралық конвенциялар мен декларацияларға қатыспағандық- тан бұл күн бізде аталып өтілмейді).

КСРО-да құрбантанудың жеке ғылым бағыты болып қалыптасуы 60-шы жылдардан бастау алады. 1966 жылы Тәжікстанда жұмыс істеген доцент Л.В. Франк «Жәбірленушінің жеке басы мен мінез-құлқын зерттеу жөнінде» атты проблемалық мақаласын жариялады.

Франктың құрбантану алдындағы зор еңбегін атап өтуге тұрарлық. Ол бірінші болып құрбан мәселесіне назар аударып, «құрбантанудың» өзінше жеке ғылыми пән болып қалыптасуы жайлы ой тастаған.

Сонымен қатар Л.В. Франкпен кейінгі жылдары және қазіргі таңға дейін құрбантану мәселелерін ғылыми талдауда Д.В. Ривман, В.В. Вандышев, В. Я. Рыбальская және т. б. айналысуда.

ТМД кеңістігіндегі құрбантану жөнінде сөз қозғайтын болсақ ол қылмыс құрбанының барлық жиынтығын құрайтын кең көлемде нақты адамды зерттейді. Одан әрі ол жеке адамдарды қылмыс құрбаны, криминалды антропологиялық құрбантану немесе криминалды құрбантанулық антропология ретінде зерттеп, құрбантанудың атауына мақсатты түрде негіздеме жасайды.

Ал қазақстандық құрбантануға келетін болсақ, қазіргі таңда отандық оқулықтарда бұл мәселеге қажетті деңгейде көңіл бөлінбеген.

## 2. ҚҰРБАНТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

***Жәбірленуші ұғымы (қылмыс құрбандары)***



Buketov University

Құрбантанудағы құрбанның ортақ ұғымы — (лат. - ^ісііта, ағыл. - ^ікііт, фр. - уікііше - деген ғылым атауының бастамасы). Сонымен қатар отандық құрбантануда «құрбан» терминімен қоса «жәбірленуші» термині де қолданылады.

Құрбантанудың зерттеу пәні болып кез келген криминалды емес сипат- тағы жағдайдан (табиғи/экологиялық апаттар, зіл-зала, техногендік жағдай- лар және т. б.) жәбір көрген жеке және заңды тұлға болып танылады. Бірақ, «құрбан» термині жеткілікті түрде жәбірленушіні анықтап берсе де, ол салдардың себептілік механизімін нақтылай алмайды.

Дегенмен, былай біржақты қарау, қылмыспен келген зардаптан жапа шеккен адам жөнінде сөз болғанда дұрыс болмас. Жәбірленуші де құрбан, бірақ басқа құқықтық кеңістікте орын алып тұр. Сондықтан, криминалды құрбантануда — «жәбірленуші» терминін қолдану мән-жайға байланысты болмақ.

Құрбантануда — «жәбірленуші» терминін қолдану қауіптілігі қылмыс- тық іс жүргізудегі «жәбірленуші» терминінің ұғымына араласып, негізсіз болмақ.

Құрбантанулық тұрғыдан жәбірленуші — ол, қылмыстың тікелей құрба- ны, демек, криминалды құрбантануда екі термин де құрбанның феномені болып қолданыла алады.

Л.В. Франктің айтуынша «құрбанның» құрбантанулық ұғымы «жәбірле- нушіге» қарағанда кең ұғымда. Ол тек тікелей құрбандарды ғана қамты- майды, соған қоса, қылмысқа қол сұғушының құрбандарын, қаза тапқан құрбандардың және «кінәлі» құрбандардың жақын туыстарын да қамтиды.

Қылмыстық іс жүргізудегі жәбірленушіден құрбантанудағы жәбірлену- шінің ұғымы нақты оқиғада көрініс тапқан объективті өлшемдерге негіз- деледі — ол қылмыстан келген зардаптың, шығынның болуы. Егер адам нақты қылмыстан зардап шегіп, қылмыстың жәбірленушісі деп танылмаған жағдайда, сот-тергеу шешімі формальды акт болып, келген зардаптың деректерін «алып тастай» алмайтыны да бар.

Осыған орай, құрбантанулық және қылмыстық іс жүргізудегі жәбірлену- шінің ұғымы бір-бірімен сәйкеспейді. Олар бір-біріне жақын болғанымен түрлі қызметтер атқарады. Соған қоса, жәбірленушінің қылмыстық-құқық- тық ұғымы да бар екенін ұмытпағанымыз жөн.

Құрбантану себептің салдарымен байланысты түрлі проблемаларды зерттейді. Ол біріншіден, зардап келтірушілердің қылмыстық әрекетіне үлкенді-кішілі көлемде әсер ететін құрбанның жеке басындағы мінез- құлықтық сапасына назар аударады. Сондықтан, құрбантану ұғымында қолданылатын терминдер арасында «жәбірленуші», «құрбан», «құрбанды- лық», «құрбандану», «виктимогендік», «құрбантанулық жағдай» деген сөздер ерекше

Buketov University

мәнге ие.

Сонымен, құрбантанулық мағынада қылмыс құрбаны деген ұғымға не түсініледі? Бұл жерде аталған ұғымға қатысты қарс болушылар мен қолдаушы екі ұстанымды атай кеткен жөн. Біріншісі — бұл тікелей қылмыстан дене, моральдық және материалдық зардап шеккен жеке адам. Екімшісі — қылмыстан тура немесе жанама зардап шеккен адам немесе кез келген түрде біріккен адамдар тобы.

Батыстық құрбантануда бірқатар ғалымдар құрбандар қатарына тек жеке және заңды тұлғамен қоса тіпті тұтас қоғамды, мемлекетті, халықаралық тәртіптерді де жатқызады. Екінші ұстанымдағылардың көзқарастары бойынша екі нәрсені араластыра қарайтындықтарын аңғаруға болады, ол - құрбан ұғымы мен құрбантанулық зерттеудің заты. Бұл жердегі заты шындығында өзіне тек жеке адамды ғана емес, соған қоса, адамдар тобын да қоса алады.

Құрбан ұғымы жалпылық негізде құрбантану теориясында мәні мардымсыз, себебі, ол тәжірибелік алдын алудың нақты қажеттілігінен алшақ жатыр.

Бірімшідем, «адамдар жиынтығының кез келген түрдегі кірігуі» ретін- дегі құрбантанулық алдын алудың бұндай объектісі тіптен мүмкін емес, мұндай жағдайда құрбан ретінде тұтастай қоғаммен қоса барлығын да қарастыруға болады.

Екіншіден, егер, тіптен адамдар жиынтығының көлемін тарылтып, еңбек ұжымы, отбасы, тұрғылықты жері бойынша көршілері, және т. б. деп топтастырғанда қылмыстық әрекеттен келген зардапты қандай да бір аталған адамдар тобына әсер етуі мүмкіндігін көруге болады. Сондықтан, құрбан ретінде танылатын адамдар жиынтығы - жеке адам жиынтығын құрайтын құрбан болып танылады.

Үшімшідем, құрбантанулық тұрғыдан құрбанға жеке адамды, жанама зардап келтірілген адамдар жиынтығын жатқызса, қылмыстық жағдайда әрекет етуші адамдарға, қатысушыларға әсер ететін адамдардың әлеуметтік жағдайы, эмоциялық, еріктік, моральдық сапасына қатысты құрылған құрбантанулық алдын алудың ерекшелігі жоғалады.

Қылмыстың құрбандары белсенді және селсоқ; өзінің мінез-құлқының салдары мен мәнін түсінетін немесе білместігі болуы; зардап келтірушімен жақын байланыста немесе тіптен таныс болмағаны; қарсыласатын немесе қарсылық білдіре алмайтыны және т. б. болуы мүмкін

Сонымен қатар потенциалды (оған қатысты нақты зардаптың келмегені), нақты (зардап шеккен), (жасырын нақты, бірақ қандай да бір себептермен арнайы есепке тіркелмей қалған) қылмыс құрбандарын ажырата білу қажет.

Потенциялды, сол сияқты нақты кез келген жәбірленуші немесе қылмыс-

Buketov University

тың құрбаны үлкенді, кішілі дәрежеде осалдық танытатын қандайда сапаға ие болады.

Ю.А. Джахбаровтың пікірі бойынша «қылмыс құрбанының жеке басы» термині қылмыстық қол сұғушылықтан зардап шеккен барлық жәбірленушілердің жиынтық сапасы мен жеке бастық ерекшеліктерін құраушы анықтама ретінде шартты, қатыстық түрде қолданылуы тиіс. Одан әрі ол, «қылмыс құрбанының жеке басы» терминінің қатыстылығын барлық адамдарға қатысты бір немесе бірнеше жалпы сапаларын сипаттайтын әмбебап ұғым ретінде құру мүмкін емес, себебі, әлеуметтік, психологиялық және биоло- гиялық ерекшеліктері адам өлтіру мен ұрлық, зорлау мен алаяқтықтарда тіптен ұқсаспайды[5].

***Құрбантану ұғымы***

«Виктимділік»-«Құрбандылық» термині ғылыми айналымға Л.В. Франк енгізген, бірақ әдебиеттерде құрбандылық ұғымына түрлі түсініктер беріледі. Көбінің айырмашылықтары мынада:

а) құрбандылықтың жүйелік элементтерінде;

ә) оның жай-күйі және жеке адамға объективтік тән бағалануы;

б) потенциалды құрбандылықтың пайда болу кезеңі;

в) потенциалды және нақты құрбандылықтың ара жігі мен тәуелділігі.

Алғашында Л.В. Франк жеке құрбандылықты жүзеге асқан қылмыстық акт ретінде «бейімділік», нақтырақ, қандайда бір жағдайда қылмыс құрбаны болу мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда, келген қауіпті объективті түрде қайтаруға мүмкін болғанда дәрменсіз қабілетті анықтаған. Одан әрі ол айтылған сындарды ескере отырып, жеке құрбандылық - қандайда бір адамның жәбірленушіге айналуы және потенциалды мүмкіндігі немесе басқаша айтқанда, қылмыстық қол сұғудан мүмкін болған жағдайдың өзінде одан құтылу қабілетсіздігі - деп мойындады. Соған қоса, субъективтік жағдайларда құрбан болудың қалыптыдан жоғары мүмкіндігі аталады.

***Л.В. Франктің ұстанымы бойынша жеке цұрбандылыц - цылмыстыц цол сұғу жағдайында одан объективті түрде цұтылу мүмкіндігі бола тұра цылмыстың жүзеге асцан цұрбаны болудың потенциалды жоғары мүмкіндігі.***

В.И. Полубинский Л.В. Франктің анықтамасын сынға ала отырып, нақты адамның құрбандануын анықтау барысында сөз оның қылмыс құрбаны болудың жоғары мүмкіндігі жөнінде емес, жәбір көрген адамның өзінің мінез-құлқы және жеке басының қандайда бір ерекшеліктерімен тікелей байланысы

[5] Джахбаров Ю.А. Криминологическая характеристика и профилактика насильственных преступлений на виктимологической основе: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Рязань, 2004. — 14-б.



Buketov University

немесе оның зардап келтірушімен ерекше қарым-қатынастары болуы тиісті дейді. Ол өз кезегінде, белгілі бір өмірлік жағдайда туындаған шартты кезеңде құрбанға қатысты құқыққа қарсы әрекетпен зардап келтіру мүмкіндігі оның әлеуметтік, психологиялық немесе биофизикалық сапала- рымен (немесе олардың жиынтықтарымен) сол адамға тән жеке құрбан- дануын анықтайды.

Басқаша айтқанда, нақты индивидтің құрбандануы оның жеке бас сапасының сыртқы әсерлерді теріс қабылдай отырып, потенциалды қылмыс құрбаны болу мүмкіндігі.

Сонымен, ***жеке цұрбандылыц*** — қылмыс құрбаны болудағы адамға объективті тән әлсіздік жағдайындағы шартты қылмыстылықтың болуы.

Адамның жеке құрбандылығынан басқа жаппай құрбандылық деген де бар, яғни, құрбандылықтың әлеуметтік құбылыс ретінде болуы. Бұл күрделі құбылыс, ол түрлі себептермен көрінетін кездерде белгілі бір жеке және жағдайлық факторларды жүзеге асыруға байланыстылығы. Оларға ***топтыц цұрбандылыц*** (тұрғындардың жеке топтарының құрбандануы); ***объектілік-түрлік цұрбандылыц*** (құрбандылыққа себеп ретіндегі қылмыстардың алуан түрлілігінің салдары); ***субъектілік-түрлік цұрбандылыц*** (түрлі қылмыскерлер категорияларымен жасалған қылмыстардың құрбандылыққа себебі және алуан түрлілігінің салдары).

Жаппай құрбандылық өзіне үш компонентті қосады:

а) тұрғындардың жаппай және жеке топтарында (қауымда) нақты болатын әлсіздік мүмкіндіктерінің жыйынтығы;

ә) әрекеттегі жеке мінез-құлық үшін (қылмысқа итермелеуші оң және теріс немесе қылмысқа жағдай жасайтын) қауіпті әрекеттер жыйынтығында көрінген мінез-құлықтар компонентінің қызметі;

б) қылмыстардың салдары, яғни, құрбандылықтың жүзеге асуы, құрбандану (құрбандылық - нәтиже) зиян келтіру актісінің жыйынтығы.

Мағыналық тұрғыдан құрбандану мінез-құлқы бейтарап, жағымды және жағымсыз болуы мүмкін.

Жаппай құрбандылық жай-күйімен, деңгейімен, құрылымымен және қарқынымен сипатталады.

Құрбандылық жай-күйі — бұл жеке адамдарға зардап келтірген қылмыстардың абсолютті сандық көрсеткіштері; осы қылмыстардың құрбандарының саны, сонымен қоса, қылмыстармен келтірілген зардаптар, олар әдетте, қылмыстар мен жәбірленушілерден (құрбан) саны көп болуы мүмкін.

Құрбандылықтың деңгейі (немесе коэффициенті) - белгілі бір аумақта белгілі бір кезең ішінде тұрғындар санына шаққандағы қылмыстардан зардап шеккен жәбірленушілердің (құрбан) санымен анықталады (мысалы 10 немесе 100 мың адамға шаққанда).



Buketov University

Бұл көрсеткіш тек шартты сандарда беріліп, келесі формулада құрылады: Ж
Асқк = — х 1000
X

Бұл жерде Асқк - адамдар санындағы құрбандылық коэффициенті, Ж - жәбірленушілер саны, X - жасына қарамастан барлық тұрғын халықтың саны.

***Арнайы*** (таңдаулы) құрбандылықты есептеу келесі формулада шешіледі: Ж
Асқк = — х 1000
X

Бұл жердегі *Асқк* - адамдар санындағы құрбандылық коэффициенті, яғни, құрбандылық - белгілі бір қылмыс түрінің салдары, Ж - белгілі бір қылмыстардың жәбірленушілер саны, X - жас ерекшелігіне қарамастан барлық тұрғын халықтың саны. Құрбандылық деңгейі тек бір жақты қыл- мыстың жәбірленушілер санымен ғана емес, сонымен қоса, қылмыстар санымен анықталуы мүмкін.

***Құрбандылықтың құрылымы*** түрлі белгілерімен көрінуі мүмкін: жәбір-ленушіге қатысты жынысы, жасы, білімі және тағы басқа белгілерімен; зардап келтірген қылмыскерге, қылмыстарға қатысты белгілер.

Ол белгілі бір аумақта, белгілі бір кезең ішінде жасалған жалпы қыл-мыстардың ішіндегі жеке қылмыстардың түрлерінде зардап келтірген түрлі жәбірленушілер тобының үлес салмағы, түрлі қылмыстардың тобындағы жәбірленушілердің жеке түрінің үлес салмағы мен жәбірленушілердің жалпы саны және т. б. көрінуі тиіс.

Құрбандылықтың қозғалысы (динамикасы) бұл белгілі бір уақыт ішіндегі құрбандылықтың өзгеріс барысы, оның жеке деңгейі мен құры- лымы айырылмас ішкі қасиеті болып танылады.

Құрбандылық — тек салыстырмалы «қылмыстылықтың ішкі мазмұны». Кейбір мағынада ол басқа себеп пен шарттар сияқты қылмыстылықтың болуына жағдай жасап, жеке адамдарға зардап шектіруге әкеледі.

Құрбандану құбылысының әлеуметтік мәні келесілерден туындайды:

- нақты құрбандылық — әлеуметтік құбылыстардың салдары - қылмыстылық;
- құрбандылық қарқындылығында шағын орталар мен жеке адамдардың әлеуметтік саласы деңгейіндегі әлеуметтік шарттар жиынтығының әреке-тіндегі нәтижесі болып табылады.

Егер жеке құрбандылық жүзеге асуы не болмаса жүзеге аспауы да мүмкін, ал жаппай құрбандылық - әрдайым бір уақытта потенциалды түрде жүзеге асады, немесе адамдар тобының көпшілігі потенциалды құрбан болып, оның белгілі бір бөлігінің құрбан болуы заңдылыққа әкеледі.



Buketov University

Сонымен, ***жаппай құрбандылық*** — тарихи өзгермелі әлеуметтік құбылыстағы қылмыстылықпен байланысты - белгілі бір аумақта, белгілі бір уақыт аралығында және жалпы тұрғындар мен оның жеке топтары арасында құрбандыққа мүмкіндігі мол жеке адамдарға қылмыстармен зардап келтірген актілер мен барлық құрбандар жыйынтығымен көрінетін және жеке құрбандылықтағы түрлі мінез-құлықта пайда болатын қоғамның жай-күйінің айнасы.

Н.В. Исаев қылмыстың құрбаны кез келген адам немесе кез келген қоғамдастық бола алады деген пікір ұстанады. Бірақ құрбандылық өзінің мінез-құлқының немесе әрекетіндегі кінәсінен пайда болған қылмысқа қарсы тұра алмау әлсіздігінен болады. Ол (Н.В. Исаев) құрбандануды қылмысқа негіз болатын құрбанның мінез-құлқын, жүріс тұрысын ғана байланыстырады. Сондықтан ол құрбанның құрбандануын қылмыстан осал- дық таныту мүмкіндігін объективтік тұрғыдан жойылмайтын қасиет ретінде санамайды. Осыны ескере келе Н.В. Исаев құрбандануды осалдық таныту- дан айыра біледі. Осалдық таныту — бұл кезкелген адамның немесе қоғамдастықтың қылмыстардың құрбаны болудың объективті мүмкіндігі. Осалдық танытудың деңгейі көп жағдайларда қылмыстылықтың жай-күйіне байланысты болады. Бірақ адамдардың көбі объективтік түрде жоюға мүмкін болмайтын, бірақ өмірде қылмыстылықты ескерту мақсатында әсер етуге болатын жоғары деңгейде осалдық танытады[6].

***Құрбандылық (виктимизация) түсінігі***

Құрбантану құрбан және құрбандылық түсініктерімен қоса «құрбандану» ұғымын қолданады. Құрбандылық — бұл адамның қылмыс құрбанына айналу процесі.

Құрбандылықты екі аспектіде қарастыруға болады — жеке және жаппай.

***Құрбандылықтың құрылымы бар,*** олар жеке деңгейде келесі элементтерді қарастырады — құрбандылықтың субъектісі мен объектісі, құрбандылықтың субъективтік (эмоциялық-еріктік) және объективтік (жағдайлық).

***Жеке цұрбандылъщ субъектісі*** — бұл тікелей қылмыс құрбаны (жәбірленуші) болған жеке адам.

***Жаппай құрбандылық субъектісі*** — бұл жеке құрбандылық субъекті- сінің - құрбандар жыйынтығы, көптілігі. Ұжымдық құрбандылық бұл жерде өзімен бірге жаңа сапа жасамайды. Құрбандылық субъектісі мен құрбан арасында айырмашылық та бар, сәйкеспейді.

---

6 Исаев Н.В. Виктимологическое направление предупредительного воздействия на преступность: Автореф. дис. канд. юрид. наук. — Н. Новгород, 2003.



Buketov University

***Құрбанданудың объектісі*** — бұл жасалған қылмыспен байланысты келтірілген зардап пен құрбандану салдарынан әлеуметтік жағымсыз өзгеріске түскен қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қарым-қатынас (игіліктер, құндылықтар).

***Құрбанданудың объективтік жағы*** — мән-жайдың элементтері құрай- ды: орыны, уақыты, зардап келтірудің тәсілі, азғыру түріндегі жәбірленуші- нің мінез-құлқы, қатыстылығы, құрбандануға қарсы тұруы, құрбанданудың салдары, яғни, құрбандану субъектісінен тыс жағдай (бірақ көп жағдайда тәуелді болады).

Құрбанданудың субъективтік жағы өзінде қарастырады: қозғамы, мақ- саты, ниеті немесе құрбандану салдарын ұғынуы мен қатыстылығы, қабылдауы, зардап келтіру механизміндегі «үлесін» анықтайтын жәбірле- нушінің абайсыздығы.

Құрбандану деңгейлері:

1- ші - тікелей құрбан, яғни жеке адам;

2- ші - отбасы;

3- ші - ұжым, мекеме;

4- ші - қылмыстардың жасырындылық (латенттілік) деңгейін есепке ала отырып тұрғындар ауданы, аймағы.

***Құрбанданудың коэффициенті***[7]

$$Кқ = \frac{Қ-ЖҚ}{X} \times 100 \text{ мың}$$

10 мыңға немесе 1 мың адам, Кқ - құрбанданудың коэффициенті; Қ - есепке алынған құрбандар; ЖҚ - жасырын құрбандар саны; Х - жас ерекшелігіне қарамай барлық халық саны; 100 мың (10 мың немесе 1 мың) - өлшем көрсеткіші Кқ.

Ресей қоғамындағы құрбандану деңгейі жөнінде айта келе
В.И. Задорожный европалық елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары, және оның бір себебі ретінде құқық қорғау органдары тарапынан құрбандануға профилактикалық әсер етудің әлсіз екендігін атап өтеді. Оның ойы бойынша заңдардың жетілмегендігі, ұйымдастырушылықтың төмен деңгейі, ақпарат- тық ресурстық қамтамасыз етудің төмендігі және құрбандылықты профилактикалауды жүзеге асыруға қабілетті мамандар даярлау жүйесінің жоқтығымен түсіндіреді[8].

---

[7] Криминология: Учебн. / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, В.В. Лунеева. — М., 2005. — 157-б.

[8] Задорожный В.И. Виктимологическая профилактика преступлений:



Buketov University

А.Л. Смирнов жәбірленушінің құқықтық мәртебесін әдетте реформалар кезеңдерінде қарқын алатын құрбандылық мінез-құлқымен байланысты- рады. Қалыпты өмір сүру салтының кенеттен өзгеріске түсіп, дәстүрлі күн көру ырғағының бұзылуы қылмыскерлердің оңай олжасына айналуға жағдай жасайды[9]. Осыған кереғар пікірдегі Т.В. Варчук пен К.В. Вишневецкийлер криминология ғылымы үшін өзекті әлеуметтану зерттеулері нақты әлеумет- тік-экономикалық шарттар арасындағы адамның өмір сүру деңгейі мен оның мінез-құлқының арасында тікелей біржақты байланыстың жоқ екендігін атап өтеді. Сонымен қатар, оның адамның өмірлік ұстанымын анықтаушы мінез-құлқын, әлеуметтік-психологиялық шарттарын, нормативтік және құндылықтық ұстанымдары, қызығушылықтары мен бағыттылығын қалып- тастыруда ерекше рөл атқаратындығын айтады[10].

***Витимологиялық жағдайдың ұғымы және оның цұрылымы***

Құрбантану түсінігінде криминологиялық және құрбантанулық жағдай- лар ұғымы ерекше орын алады, соған қоса, осы ұғымдармен қамтылатын жағдайлар да қарастырылады.

Бұл жағдайлардың кешенді құрамын талдап, қарастырмайынша қылмыстардың механизміндегі жәбірленушінің криминогендік рөлін түсіну өте қиын.

Қылмыстардың алдындағы (жәбірленушімен байланысты не байланысының жоқтығы) мән-жайды құрауға қатысты факторлар, субъективті және объективті жағдайлар жиынтығы, яғни қылмыстың өзі кең мағынада болатындығын атап өтуге болады. Сондықтан, жеке-қалыптастырушы, криминалға дейінгі (өмірлік) жағдайы, криминал кезіндегі және одан кейінгі кезең, криминогендік және криминологиялық жағдайлар арасындағы ара жігін ажыратып алу қажетті.

Жеке-қалыптастырушылық жағдайлар — қылмыскердің шешім қабылдауына әсер ететін, оның қоғамға қауіпті ұстанымдарын жеке бағыттауға қалыптастыратын факторлар жүйесі, шарттары, мән-жайлар.

Криминалға дейінгі (өмірлік) жағдайы — тікелей қылмыстың болуына жол ашатын және субъектінің жеке басының сапасы мен қылмыс жасау- шының арасындағы өзара қатыстылығындағы мән-жайлар жиынтығы.

---

организа- ционно-управленческий и правовой аспекты: Монография. — М., 2005. — 3-б.

9 Смирнов А.Л. Потерпевший от преступления: уголовно-правовое исследование: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Ростов н/Д., 2007. — 4-б.

10 Варчук Т.В., Вишневецкий К.В. Виктимологические нюансы криминологической ситуации в России // Криминологический журнал. — 2007. — № 1 (11). — 39-б.



Buketov University

Криминалдық жағдай — бұл тікелей қылмыс (қылмыс жасаудың мән-жайы).

Кріімиііа. ідаіі кейінгі жағдай — қылмыстан кейін барлық жағынан қылмысқа, оның салдарына, саралануына және бағалануына қылмыскердің және құрбанның (егер тірі болса) мінез-құлқын сипаттайтын барлық мән-жайдың жиынтығы.

Криминогендік жағдай — бұл жеке-қалыптастырушылық және криминалға дейінгі жағдайларды қоса қарастыратын қылмыстың болуына дейінгі криминологиялық механизмнің даму кезеңдері.

Криминологиялық жағдай — бұл қылмыстық оқиғадан қаншалықты бөлек болса да қылмыскердің жеке басының қалыптасуын қоса қарас- тыратын (жеке-қалыптастырушылық жағдай), криминалға дейінгі (өмірлік) жағдайы, тікелей қылмысқа жол бастаушы, қылмыстың өзі (криминалдық жағдай), соған қоса криминалдан кейінгі жағдай ретінде қарастырылатын біртұтас себепті байланыс процесінің мән-жайлар жиынтығы.

Сондықтан, криминологиялық жағдай өзіне келесілерді қосады:

а) қылмыскер жеке басының қалыптасу жағдайы;

б) қылмыс жасауға мүмкіндік туғызатын нақты ниетті қалыптас- тырудағы немесе нақты мән-жай тудыратын жағдай;

в) қылмыстың өзі;

г) қылмыстан кейінгі жағдай.

Құрбантанулық детерминанттар — бұл жасалған қылмыстардың сал-дарынан себепті байланыста болатын процесс. Олар жоғары құрбандылық әлеуетінің қалыптасуын анықтайды және қылмыстардың болуына жағдай жасайды. Криминологиялық механизмдегі құрбанның пайда болуы мәнді детерминантты барлық аспектілердің қалыптасуында, шарттар жүйесінде құрбантанулық жағдайлар ретінде танылады.

***Құрбантанулық жағдайдың*** мазмұны жоғары құрбандылық әлеуетімен жеке адамның қалыптасу мән-жайының жиынтығын құрайды: нақты қылмыстық (өмірлік) жағдай, әрекеттен кейін пайда болған қылмыс, біртұтас себепті байланыс процесі ретінде қаралатын жеке құрбандылықтан кейінгі тікелей жүзеге асқан қылмыс және мән-жай.

Потенциалды зардап келтірушінің (қылмыскердің) қалыптасуында құр- бан болуы мүмкін адамның қатысуын да атап өткен жөн, яғни криминоло- гиялық жағдайдың бастапқы кезеңінде ***құрбантанулық аспекті*** құрбан- танулық жағдай шегінде ұқсастығы болатындығын атап өткен жөн.

***Жәбірленушінің мінез-құлқына қатысты құрбантанулық жағдайлар*** келесідей бөлінеді:

а) қылмыскерді қылмыс жасауға итермелейтін, нақты азғырушы, итермелеу

Buketov University

сипатындағы жағдай;

б) жәбірленушінің жағымды мінез-құлқындағы, яғни қылмыс жасауға азғырмайтын, бірақ қылмыскердің күш қолдануына әкеп соқтыратын әре- кетке (мысалы, полиция қызметкерінің әрекеті) итермелеу сипатындағы жағдай;

в) қылмыс жасауға азғыру болмасада, қылмыс жасауға себепті мүмкіндік тудыратын жәбірленушінің мінез-құлқындағы (мысалы, көліктегі апаттық жағдай жасаған жәбірленушінің әрекеті) жағдай;

г) басқа адамның тікелей қатысуынсыз өз өзіне зардап келтіруге бағыт-талған жәбірленушінің әрекетіндегі (мысалы, әскер қатарында қызмет етуден жалтару үшін өзінің денесін зақымдау) тұйықталған жағдай;

д) қылмыскердің мінез-құлқына және зардап келтіруге әсер ету тұрғы-сынан жәбірленушінің мінезіндегі әрекеттер тіптен бейтарап жағдайлар.

Криминологиялық жағдайларды дамуы бойынша және уақыты бойынша ажырата білген дұрыс. Аталған негіздер бойынша оларды бір реттік сипат-тағы, яғни бір фактілі жағдайлар және жүйелі жағдайлар (коп фактілі) деп бөліп қарастыруға болады.

Жағдайларды жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы өзара әрекеттес-тігінің сипаты бойынша ажыратуға болады: қақтығысу жағдайлары, бірігу жағдайлары (түсік жасауда келісімге келулері).

Жәбірленушінің жағдайға қатысты дамуы мен өршу қарқынының дәрежесін, сипатын ұғынуды келесідей жіктеуге болады:

а) жәбірленуші өзіне қандай зардап келетінін ұғына алмайтын және оған жол бермейтін жабық жағдай;

б) жәбірленуші өзіне зардап келтіруге мүмкіндік беретін, бірақ оның сипатына қарай шатасатын немесе тіптен келетін зардап басқаға бағытталған деп сенетін шартты түрде жабық жағдай;

в) жәбірленуші өзіне келуі мүмкін зардапты алдын ала біледі және зардаптың қандай екенін ұғынатын ашық жағдай;

г) оған қандай зардаптың қауіпі төніп тұрғанын түсінетін, бірақ негізсіз оны жоюға тырысатын жәбірленуші (мысалы, жәбірленушінің қылмыскерді қарусыздандыру) еркінің ашық жағдайы.

Зардап келтірудің алдын алу мақсатында белсенді араласуды болжап білуді ұғынуда жағдайлардың түрлі белгілерімен қоса аралас түрлері де болуы мүмкін.

***Жәбірленуші өзінің және цылмыскердің әрекетіндегі салдарға цатыс-тылыгына байланысты*** (нәтижеге қатысты) жағдайлар келесідей бөлінеді:

- теріс, жәбірленуші өзінің әрекетінің мақсатына байланысты емес соңында келетін зардаптың болуын қаламауы;
- оң, жәбірленуші өзіне қатысты келетін зардаптың болуын қалауы.



Buketov University

***Жәбірленуші жагдайдың бастапцы мән-жайына цатыстылыгына байланысты*** таңдап алынған және таңдалмаған деп бөлуге болады. Таңдап алынған жағдайда құрбан саналы түрде өзіне зардап келтіруге мүмкіндік беріп, оқиғаның даму механизміне өзінің еркімен және мінез-құлқымен (белсенді немесе салғырт итермелеуімен) жағдай жасайды. Таңдалмағанда - өзінің еркінен тыс, жәбірленушінің таңдауы болмағанда, болғалы тұрған барлық мән-жайды қабылдауға мәжбүр болғанда жеке басының мінез- құлқында пайда болған жағдай.

Осы мән-жайларды білмейінше қылмыстардың алдын алу, ескерту мүмкін емес, яғни қылмыскер көп жағдайларда нақты бір жәбірленушімен «әрекеттестікте» болғандықтан ***жеке профилактикалыц әсер ету*** қылмыскерге де қатысты бағытталуы тиіс.

## 3. ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНА СИПАТТАМА

***Жәбірленушілерге (қылмыс құрбандарына) әлеуметтік-демография- лық сипаттама және олардың негізгі топтары***

Қазіргі уақытта отандық зерттеушілерде қылмыс құрбандарын топтастырудың бірнеше нұсқалары болғанымен, әлі күнге шейін топтастырудың бір ғана түрі құрастырылмаған. Әр зерттеуші топтастырудың негізіне түрлі- түрлі компоненттерді жатқызады да, ол қылмыс құрбандары топтарының бір-біріне ұқсамайтындығына әкеп соғады. Мысалы, В.С. Минская қылмыс құрбандарының мінез-құлық топтарын оның қоғамдық қауіптілігінің дәрежесіне байланысты бөледі. Сондай-ақ ол қылмыс оқиғасы алдында немесе қылмыс жасалған сәттегі мінез-құлыққа негізделген топтарды да көрсетіп берген. Бруно Холыст жәбірленушілерді осы рөлге лайықты, олардың мінез-құлықтары мен бейімділігінің сипаттарына қарай (кісі өлтіру генезисіне) топтаған. Л.В. Франк болса, қылмыскер мен жәбірленуші арасында қылмыстан бұрын орын алған әлеуметтік байланыстар негіз болып табылатын жәбірленушілер тобы құрбантанушылық зерттеулерде шешуші мәнге ие деп көрсеткен. Жәбірленушіні сипаттайтын белгілерді барынша және тыңғы- лықты топтастырған П.С. Дагел болып отыр. Ол белгілердің бірінші тобына жәбірленушінің жеке басын сипаттайтын дене және әлеуметтік белгілерді жатқызады; екінші топта жәбірленуші мінез-құлқының белгілерін (заңды және заңсыз) көрсетеді; үшінші топқа - жәбірленушінің қылмыс жасалған сәттегі жағдайын (әлсіз, жаны қиналған) жатқызады. Соңғы топты жәбірле- нуші мен кінәлі арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын белгілер құрай- ды. В.А. Туляков болса, өз кезегінде, қылмыс құрбандарын топтауда жеке тұлғаның



Buketov University

(әлеуетті құрбанның) құрбан болуға лайықтылығына әкеп соғатын себептерді негіз етіп алу керек дейді[11]. М.С. Сирик қылмыс құрбандарын былайша топтастыруды ұсынады: жанжалды-агрессиялық, теріс-менсін- беушілік, жағдаяттық (абайлаған), эмоциялы-абайсыз[12]. Құрбандылық сипаттары бойынша қылмыстық жағдайларды топтастыруда Д.В. Ривман үлкен үлес қосты, енді соның көзқарасына тоқталып көрейік.

Жәбірленушілерді (қылмыс құрбандарын) зерделеу одан алынған мәлі-меттерді бір жүйеге келтірсе ғана пайдалы болуы мүмкін. Бұл проблема топтастыру арқылы шешіледі.

Қылмыстан жәбірленуші әртүрлі криминалдық циклдер пәндерінің зерт- теу объектісі болуы мүмкін, міне осыны негізге ала отырып, жәбірленушінің алғашқы тобын анықтауға болады. Жәбірленушіні қылмыстық құқық, қыл-мыстық процесс, сот медицинасы мен сот психиатриясы және де криминологиялардың зерттеу объектісі етіп қарауға болады.

Қылмыстың алдын алу туралы қылмыстық істер мен материалдарға жасалған талдау жәбірленушілердің демографиялық және белгілі бір рөлдік белгілері қандай да бір криминологиялық маңызға ие екендігін көрсетіп отыр. Жынысы, жасы, мамандығы, арнайы, міндетті және отбасылық жағ- дайы және өзге де факторлар қылмыс механизмінде барынша рөл атқарады, тіпті қандай да бір қылмыс жасауға (мысалы, зорлықтан жәбірленуші) қажетті жағдай ретінде де болуы мүмкін. Сондай-ақ кейбір қылмыс түр- лерінде жәбірленушінің ұлты да маңызды болып келеді.

Әлеуетті және шынайы құрбандану сәйкес келмейді. Мысалы, әйелдер ер адамдарға қарағанда құрбан болуға бейім, бірақ АҚШ-да 1000 американ-дықтың - 105 ер адам құрбан болса, сол санмен есептегенде 80 әйел ғана жылына құрбан болады екен. Ер адамдар ауыр жағдайлардағы шабуылға 2,5 есе жиі ұшырайды екен.

Әртүрлі жастардың өзіндік психофизикалық сипаттары, ерекшеліктері бар. Бұл жағдайда кәмелетке толмағандар (оларға қызығушылық, сенгіштік, иланушылық, дене тұлғасына сай әлсіздік тән) және жасы ұлғайған адамдар құрбан болуға аса жақын болып табылады. Бұл қасиеттер құрбан ғана емес, қылмыскер болуға да ықпал етеді. 12 жастан 14 жасқа дейінгі аралық аса құрбан болуға лайықты жастар.

Психофизикалық жас ерекшеліктері егде тартқан және жасы ұлғайған

---

[11] Христенко В.Е. Психология поведения жертвы. — Ростов н/Д., 2004. — 23-30-б.

[12] Сирик М.С. Институт потерпевшего: уголовно-правовые и криминологические аспекты: Дис. ... канд. юрид. наук. — Ростов н/Д., 2006. — 9-б.



Buketov University

жастағы адамдардың да құрбан болуға барынша жақын болуын анықтайды (дене тұлғасы жағынан әлсіздік, есте сақтау қабілеттерінің төмендігі, жыныстық мүмкіндіктерінің азаюы, жалғызбастылық және т. б.).

Осыған байланысты жас және жынысына қарай топтау қажет.

Сонымен қатар, жәбірленушілерді олардың басты қызметтері бойынша (полиция, ТЖМ қызметкерлері) топтастыру дұрыс болар еді.

Әлеуеттік құрбандардың қоғамдағы рөлі мен ауқаттылық деңгейіне қарай (құрбандылық табыстың орта деңгейден жоғарылауына қарай өсе түседі) топтастыру да маңызды.

***Жәбірленушілерді олардың қылмыскерге царым-цатънасъта байланысты топтау*** (туыстары, қарамағындағылары).

Жәбірленушілерді адами-психологиялық белгілері (кейбір әйелдердің жеңілтектігі, азғындығы, тәжірибесіздігі) бойынша топтастыру.

Сондай-ақ, аталған негіздерден басқа, қылмыстан жәбірленушілерді ***оларга келтірілген залалдың түрі мен саны*** бойынша топтастыруға болады (эпизодтық (бір рет) және «рецидив» (бірнеше рет жәбірленгендер). «Рецидивтерді» оларға залалдардың бір түрлі және әр түрлі қылмыс белгілері бойынша да бөлуге болады)

Белгілі бір сараптамалық міндеттерді шешу үшін ***жәбірленушілерді олар зардап шеккен қылмыстардың ауырлыгына байланысты*** (аса ауыр емес, ауыр және ерекше ауыр қылмыстар) ***топтау да дұрыс*** болар еді.

***Жәбірленушілер «кінә» дәрежесі бойынша*** (кездейсоқ немесе заңды сипат) ***да топтастырылуы мүмкін.*** Әдетте құрбанның кінәсіне адамгер- шілік қағидаларына қарсы келетін, қандай да бір әлеуметтік нормаларды бұзатын оның теріс мінез-құлқы жатады, бұған субъект мінез-құлқының құрбандылық аспектісі құқықтық аспектіге қарағанда екінші орынға жыл- житын заңды нормалардың кейбір жағдайлары жатпайды.

Нақты қылмыстардың алдын алуға тікелей қол жеткізу үшін аса қолайлысы ***жәбірленушіге залал келтірілген қылмысқа байланысты топтастыру*** жатады.

***Жәбірленушілерді олардың мінез-құлық сипаттары бойынша топтау*** (агрессиялы, белсенді, бастамашыл, әрекетсіз, сынсыз, бейтарап).

1. Белсенді жәбірленушілер. Бұл топқа залал келтірушіге шабуыл жасаған немесе өз агрессияларын басқа да формаларда - қорлаған, жала жапқан, келемеждеген мінез-құлық көрсеткен жәбірленушілер жатады, оларға:

а) жалпы агрессиялы зорлаушылар (бұзықтар, психикалық аурулары барлар, жүйке жүйесі бұзылған адамдар);

ә) таңдаулы агрессиялы зорлаушылар (отбасылық қатал рақымсыздар, жанжалқойлар);

Buketov University

б) жалпы агрессиялы арандатқыштар. Олардың агрессиялық мінез-құлқы физикалық зорлықпен байланысты емес және қатал бағыттылығы жоқ (бұзықтар, кек алушылар және т. б.).

2. Белсенді жәбірленушілер. Мінез-құлықтары шабуылдаумен немесе жанжал туғызарлық жағдайға әкеп соғатын жағдайлармен байланысы жоқ, бірақ өзіне залал келтіруге бейім жәбірленушілер (әдейі арандатушылар, абайсыз арандатушылар, әдейі өзіне залал келтірушілер мен абайсыз өзіне залал келтірушілер).

3. Бастамашы. і жәбірленушілер — лауазымы бойынша, қоғамдағы алатын орны бойынша, жеке қасиеттеріне қарай бастамашылдар.

4. Енжар жәбірленушілер — қарсылық көрсетпейтіндер (қарсылық көрсете алмайтындар немесе оны көрсеткісі келмейтіндер).

5. Сынай білмейтін жәбірленушілер — абайсыз жасағандарын, өмірлік жағдайларды дұрыс бағалай алмайтындарын көрсететіндер (ой-өрісі, білімі төмен).

6. Бейтарап құрбандар. Құрбандар мінез-құлқы мінсіз, ешқандай қылмыстық әрекетке апаратындай емес, жағдайға сыни баға бере алады.

***Жәбірленушілердің әлеуметтік-психологиялық типтері***

Жеке мінез-құлықты дұрыс болжап, субъектіге алдын алу шараларын таңдау үшін адамның ішкі жан-дүниесін, ол басшылыққа алатын себептерін, барлық мінез-құлық механизмін білу керек. Және де жалпылай емес, нақты білім болуы керек.

Жәбірленушілер типімен біз жоғарыда қарастырған барлық топтар байланысты, бірақ бұл жағдайда мінез-құлық бойынша топтастыру ерекше орын алады.

Біріншіден, оның негізіне топтастыруда басты болып табылатын жәбірленушілердің жалпы түрлері жатады.

Екіншіден, бұл топтастыруға қандай да бір типтік құрбандық мінез- құлық себебін білдіретін және жәбірленушілердің белгілі бір түрлерін (типтерін) айқындау үшін басты болып табылатын элементтер енгізілген.

***Топтастыру*** дегеніміз «статистикалық жиынтықты белгілі бір классқа, дәрежеге, санатқа бекітілген, қатаң белгіленген түрде бөлу».

***Типологияның*** топтастырудан айырмашылығы ол «біркелкі бірліктерді бөліп, бір түрден жеке көлемді таңдап алу мүмкіндігін беретін, күрделі құбылыстарды типологиялық топтастыру» ретінде болады.

Топтастыру — бұл тұрақты топ (біздің жағдайда жәбірленушілер белгілері), ал типология әдісі қатаң жіктеуден тұрмайды. Типология бір топты екіншісінен оқшаулауды да білдірмейді.

Осыған сүйене отырып біз жәбірленушілердің әлеуметтік-психология- лық

Buketov University

типологиясын екі аспектіде қарастырамыз:

а) әрқайсысының өз ерекшелігіне қарай жеке адамның нақты типтері мен тип тармағының жиынтығы ретінде;

б) белгілі бір кесте, таңдап алынған қағида бойынша «орналастырылған» жүйе ретінде.

Топтастыру мен типология — әрқайсысы дербес зерттеу әдістері, бірақ олар өзара байланысты. Бұл өзара байланыс осы әдістердің өзара әсер етумен, өзара толықтырумен, өзара шарттастықпен сипатталады, ол жалпы- лаудың әртүрлі деңгейінде жәбірленуші жеке басының мінез-құлқын (қан- дай да бір қасиетке ие болуы немесе болмауын) тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

***Жәбірленушінің жеке басы әлеуметтік-психологиялық және биофизикалық қасиеттерінің үйлесуімен сипатталады,*** белгілі бір қылмысқа тән жағдайларда ол жеке индивидтің типтік мінез-құлқын және осы мінез- құлыққа байланысты оған қылмыскердің әрекетімен келтірілген дене, моральдық немесе материалдық залалды көрсетеді.

***Әлеуметтік тип*** — өзінің ең басты мінезін мінез-құлықтың тұрақты тәсілдері (немесе стереотиптері) түрінде көрсететін жеке бастың белгілі бір типі. Әлеуметтік тип оның жақын ортасындағы типтік элементтерінен тұратын жеке адамның өзіндік қасиеттерінің жиынтығын білдіреді. Орта мен жеке адамның бұл бірлігі өзінің шынайы жүзеге асуын индивидтің мінез- құлқынан табады.

Жағдайлардың белгілі бір түрлеріндегі адамдардың мінез-құлықтарының типтік тәсілдері олардың ішкі мазмұны болып табылады.

Бұл жағдайда жәбірленушілер типологиясын анықтауда олардың мінез-құлықтарының сипаттары негіз болады. Сондықтан топтастыру мен типологияға ортақ терминдерді сақтай отырып, жәбірленушілердің бастапқы типтеріне ортақ келесілерді бөліп көрсеткен дұрыс болады:

1. Жәбірленушілердің агрессиялы типі. Бұл типке зиян келтірушіге немесе басқа да арандатуға жол берген (қорлау, жала жабу) өзге адамдарға шабуылдау түрінде өздері агрессиялы болу нәтижесіндегі қылмыстан жәбірленген адамдар жатады. Бұл типте агрессиялы қорлаушы мен агрессиялы арандатушы бар (олар жанжалды әдейі ұйымдастырады).

Агрессиялы құрбандық мінез-құлық әртүрлі екенін де атай кеткен жөн. Ол пайдакүнемдік, сексуалдық, тұрмыстық жанжалдармен байланысты, психикалық тұрақсыздық жағдайында дамыған және т. б. болуы мүмкін.

Пайдакүнемдік. Бұл типтегі жәбірленушілердің құрбандық мінез-құлқы бөгденің затын иемденуге бағытталған. Ол шабуылдаудан, дене немесе психикалық зорлықтан, өзіне залал келтіруге апарып соғатын өзге де әрекеттерден тұрады.

Buketov University

Сексуалдық. Зорлау немесе өзге де жыныстық қылмыс жасаған адамның қарсылыққа ұшырау нәтижесінде зиян шеккен адамдардың мінез-құлқы. ***Сексуалдық агрессиялы цорлаушыларга ортақ*** сипат ол кездейсоқ құрбанға щабуылдау болса, ***таңдайтын агрессиялы зорлықшыға*** - белгілі бір, шабуылдаушымен байланыстағы адамға шабуылдау тән. ***Сексуалдық себепті зорлықсыз құрбандық мінез-құлқы*** жәбірленушілердің өзге типіне жатады - бұлар өзге отбасына киліккен, қызғаншақ күйеулерінің құрбан- дары болған «нақсүйерлер»; берген уәдесін бұзып, сексуалдық серіктерінен «қашқандар» және т. б.

Бұзық. Бұл типтегі жәбірленушілердің құрбандық мінез-құлқы шабуыл жасаудан, физикалық зорлық жасаудан немесе зорлық жасамаудан, бірақ арандату әрекеттеріне - мазалау, қорлау, балағаттауға барғандардан тұрады. Бұл «жолы болмаған бұзықтарға» тән типтік мінез-құлық, ол көбіне өзі сияқтылардың құрбаны болады.

Жағымсыз кек алушы. Бұл жағдайда құрбандық мінез-құлқы шабуыл-даудан немесе соған итермелейтін әрекеттерден тұрады - қорлау, жала жабу, қорқыту - ол өзге кездейсоқ, немесе онымен тұрақты қарым-қатынастағы белгілі бір адамның теріс қылығына жауап беру ретінде көрінеді.

Жанжалқой. Бұл типтің құрбандық мінез-құлқы физикалық зорлау не- месе өзге де қорлау, жала жабу сияқты әрекеттерді көршілеріне, қызмет- тестеріне, таныстарына жасаудан тұрады. Бұл типтің жәбірленушілерінің агрессиялығы таңдамалы.

Отбасылық рақымсыз. Мұндай жәбірленушілердің құрбандық мінез- құлқы отбасы мүшелеріне қатысты физикалық немесе психикалық зорлау- дан тұрады. Бұл әйелінің материалдық тәуелділігін, балаларды пайдала- нушы азаптаушы, ішкіш тип, бұл көбіне орта немесе одан да егде жастағы, кейбірі бұрын сотталған ер адамдар.

Психикалық аурулары бар немесе жүйке жүйесі бұзылған, жалпы немесе таңдамалы агрессиясы жоғары, зорлау немесе өзге де арандату әрекеттерін белгілі бір адамдарға немесе адамдарға жасайтын жеке тұлға.

2. Жәбірленушінің белсенді типі.

Бұл типтегі жәбірленушілерге олардың мінез-құлықтары агрессиялы да, жанжалды да емес, бірақ әрекеттерінен олардың өздеріне зиян келетін адам-дар жатады. Ол оларға залал келтіру туралы өтініш білдірумен сипатталады. Мінез-құлық ерекшелігі мен құрбандық зардабын ескере отырып бұларды келесідей бөлуге болады:

- саналы арандатушы (қылмыстық жасанды түсік);
- абайсыз арандатушы (мас жүргізушіге рульге отыруға ұсыныс жасау);
- саналы өз-өзіне зиян келтіруші (әскер қатарынан қалу мақсатында өз

Buketov University

денесін жарақаттау);

- абайсыз өз-өзіне зиян келтіруші (қылмыстық мақсатта жарылғыш құрылғыны дайындау кезінде жәбірленуші).

3. Жәбірленушінің бастамашыл типі.

Бұл типтің жәбірленушілері - мінездері жақсы, бірақ өздеріне залал тиетін адамдар (мысалы, полиция қызметкерлері, т. б.).

Бастамашыл жәбірленушілер жалпы бастамашылдар (оларға жанжал- дық жағдайларда оң бастамашыл мінез-құлық тән) және таңдамалы бастамашылдар (оң бастамашыл мінез-құлық тек белгілі бір жағдайларға ғана тән). Олардың орындайтын әлеуметтік рөлін ескере отырып, оларды былайша бөлуге болады:

- лауазымына қарай бастамашылдар;
- қоғамдағы орнына қарай бастамашылдар (депутаттар, құқық қорғау, қоғамдық қорларының мүшелері және т. б.);
- таза бастамашылдар (тек жеке бас қасиеттеріне қарай).

4. Жәбірленушінің әрекетсіз типі.

Бұл типтің жәбірленушілері — әртүрлі себептерге байланысты: жасына, дене әлсіздігіне және т. б. қылмыскерге қарсылық, қарсы әрекет көрсете алмайтын адамдар. Және де жәбірленуші өзге де жағдайларға байланысты, мысалы жария болуды қаламаудан да әрекетсіз болуы мүмкін.

Әрекетсіз типтерді былайша бөлуге болады:

- қарсы келуге объектілік тұрғыда қабілетсіздер;
- қарсы келуге объектілік тұрғыда қабілеттілер.

5. Жәбірленушінің сынай алмайтын типі.

Оған өмірлік жағдайларды дұрыс бағалай алмау, абайсыздық танытатын адамдар жатады. Сынай алмау жеке теріс мінездерден де (ашқарақтық, пайдакүнемдік), жақсы мінездерден де (жомарттық, мейірімділік, қайырымдылық) көрінуі мүмкін.

Сынай алмайтын жәбірленушілер жалпы сынай алмайтындар (үнемі) және таңдамалы сынай алмайтындар (кей жағдайларда ғана) болып бөлінеді.

Бұл типтің жеке тұлғаларының нұсқалары:

- ой-өрісі мен білім деңгейі төмен;
- кәмелетке толмаған;
- егде жаста;
- ауру адам, соның ішінде психикалық ауруы да бар;
- белгілі «формальды» қасиеттерсіз сынай алмайтын адам.

6. Жәбірленушінің бейтарап типі.

Оған мінез-құлық барлық жағынан алғанда мінсіз адамдар жатады.

Әрине бейтарап мінез-құлық шыны керек, бейтарап емес, себебі ол қыл-

Buketov University

мыскерге бөгеті жоқ. Бірақ ол қандай да бір қосымша жағдайлар туғызады да, жеке адамның құрбандылығын орташа деңгейден асыра алмайды.

Бұл жәбірленушілердің ***жалпы типтері*** негізінде басты типті құраушы параметрге ие - қылмыс жағдайында жәбірленушінің мінез-құлықты сырт- тай көрсетуі. Мінез-құлықтың ішкі психолого-мотивациялық механизмдері туралы олар шартты түсінікке ие. Шынында да, агрессиялы болу, мысалы сексуалдық та, пайдакүнемдік те бағытта болуы мүмкін; әрекетсіздік - «пай- дасы жоқ» деген ойдан да, қарсы әрекет етуге қабілетсіздіктен де болуы мүмкін; сынай алмау - түсінбеушіліктің әртүрлі деңгейлері болуы мүмкін.

Осыған байланысты, жәбірленушінің әлеуметтік-психологиялық типінің танымдық мазмұны соған ұқсас типтердің мағынасын ашу, нақтылау, бас- қаша айтқанда типологиялық топтарды құрайтын нұсқалар арқылы ашып беруден тұрады.

***Қылмыстан жәбірленушінің әлеуметтік-психологиялық типі*** — бұл, негізінен, азды-көпті түпнұсқасын бейнелейтін, суреттеуге құрылған модель, нақтырақ айтсақ, зерттеу мен жалпылау объектісіне айналған нақты жеке тұлғалардың типтік жиынтығы.

Осылайша, «жәбірленушінің әлеуметтік-психологиялық типі» түсінігін екі аспектіде қарастыру керек:

а) ол белгілі бір жеке әлеуметтік-психологиялық құрам, белгі, сипаттардың типтік үйлесуіне сәйкес келетін нақты тұлғаға, адамға қатысты болуы мүмкін;

б) ол нақты жағдайларда өздерін көрсеткен көптеген адамдардың жеке басының типтерін қосудан құраған модельді білдіруі мүмкін, ол «стандартты», үйреншікті, типтік, қайталама және т. б. мінез-құлық түрінде болады. Мұндай мінез-құлық оң немесе теріс болуы мүмкін, бірақ міндетті түрде «қауіпсіздік нормасынан» шығып кеткен, ауытқыған, яғни құрбандық дәрежесін арттырған болуы керек.

***Жеке қылмыстық мінез-құлық механизміндегі құрбанның (жәбірленушінің) мінез-құлқы***

Кез келген (қалай болғанда да, қасақана) қылмыс екі детерминациялық аспектіге ие: азды-көпті анық бағдары (яғни, себептердің субъектілік компоненті) бар ***жеке адам*** және белгілі бір қылмыс алды ***жағдай,*** ол қылмыс жасауға ықпал ететін, детерминация шеңберінде себептің де рөлін, жағдай- дың да рөлін ойнай алады.

Қылмыс механизмінде құрбанның рөлін зерттей отырып, біз жағдайды зерделейміз, себебі жағдай элементі ретінде ол криминологиялық болып табылады. Көптеген жағдайлардан, соның ішінде жәбірленушінің өзінен қылмыскер қандай жағдайға тап болатыны байланысты: зиян келтіруші:

Buketov University

криминогендік (қылмыс жасауға ықпал ететін жағдайлардан тұратын) неме- се криминогендік емес (қылмыс жасауға кедергі болатын) немесе бейтарап. Сондықтан кейбір жағдайларда қылмыскер оған теріс қысым көрсететін жағдайларда әрекет етеді. ***Жагдайга қысым көрсету*** - осы жағдайды құрайтын жүйеге еніп, адамға психологиялық әсер ету дәрежесін білдіретін және оны дұрыс қабылдайтын әрі бағалайтын, оның объективті мазмұнының сипаты.

Мінез-құлықта, соның ішінде қылмыстық мінез-құлықта, жеке адам мен жағдайдың өзара әрекеттестігі көрінеді, осы компоненттердің ара қатынасынан біз мыналарды көре аламыз:

а) қоғамға жат ұстанымдар жоқ жердегі накты өмірлік жағдайдың қатты әсері;

б) сыртқы жағдайдың қандай да бір қысымы болмаған кезде терең тұрақты қоғамға қарсы ұстаным. Осы екі нүкте арасында бірнеше өтпелі жағдайлар орын алған, онда азды-көпті шырыққан жағдай және жеке тұлғаның азды-көпті дамыған қоғамға жат қасиеттері өзара әрекеттеседі.

Жағдайдың бір бөлігі ретіндегі құрбан қылмыстың туу себебіне ғана емес, қылмыс туралы ойлардың пайда болуына да әсер етуі мүмкін.

Сонымен, құрбандылық зерттеуі үшін қылмыс алды және қылмыстық жағдайлардың және кейіннен шынайы жәбірленушіге айналатын болашақ құрбан олардың қалыптасуы мен жүзеге асуында алатын орынның маңызын айқындау туралы мәселе аса маңызды болып қалады.

Кейде қылмыс механизімінде қылмыскер мен құрбан рөлдері шиеленісіп кететіні сонша, олардың бір бірінен айырмашылығы шартты болып қалады, себебі тек жағдай ғана қайсысының жәбірленуші, қайсысының қылмыскер болатынын шешеді. Оның үстіне бұл рөлдер өзара әрекеттесіп, бір адамнан табылуы да мүмкін.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, қылмыс құрбаны криминалдық жағдайлардың генезисінде басты рөл атқарады. Әдетте, бұл жағдай жәбірленушінің абайсыз, жеңілтек, аморальды, арандатушылық, тіпті кейде құқыққа қарсы мінез-құлқымен де байланысты. Мысалы, адам өлтіру (және кісі өлтіруге қастандық жасау) құрбандарының теріс мінез-құлықтары шамамен 70 % құрайды, ал денсаулыққа ауыр және аса ауыр емес зиян келтіру - 62 % құрайды. Оның ішінде шамамен 40 % жағдайларда жәбірленуші қылмысқа дейін кейіннен сотталған адамдармен бірге спирттік ішімдіктерді ішкен, ал жәбірленушілердің 11 % спирттік ішімдіктерді бұрыннан ішкен екен. Зорлаудан зардап шеккендер қылмыстың алдында спирттік ішімдіктер ішкен сотталғандармен бірге өздерінің аморальдық мінез-құлықтарын көрсеткен- дер 43 % құраған.

Залал келтіру жағдайының криминологиялық сипаты олардың уақыт өткен



Buketov University

сайын дамуымен байланысты. «Түрткі - уақыт - қылмыс» жағдайы мен «түрткі - қылмыс» жағдайының криминологиялық келбеті бірдей емес.

Осыған байланысты, криминологиялық жағдайларды жәбірленушінің оған тигізуі мүмкін залалы, жағдайды бағдарлай білу қабілеті, оның қылмыс кезіндегі қылмыскермен «өзара әрекеттестігі» тұрғысынан жағдайды жәбірленушінің мінез-құлқын объективтік мағынасы бойынша (түрткі, әрекетсіз, жабық, бейтарап), бір реттік немесе жүйелілігі бойынша, уақыт өткен сайын дамуы, қылмыскер мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынас тұрақ- тылығы мен сипаты бойынша қарау жеткіліксіз деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жәбірленуші мінез-құлқы және осы мінез-құлықта оның басшылыққа алғандарының барлығы оның жеке мінезімен тығыз байланысты: жеке ұстанымы, жынысы, жасы, мамандығы, қоғамдық, лауазымдық және отбасылық жағдайы және т. б. Осы криминологиялық жағдайларды білмейінше қылмыстың алдын алуды жүргізу мүмкін емес, себебі қылмыскер көп жағдайда нақты құрбанмен өзара әрекеттестікте болады да, оған да, қылмыс- керге де жеке оң ықпал етуге бағытталуы керек.

***Қылмыс құрбанының қылмыстан кейінгі мінез-құлқы*** Мойындалған да, мойындалмаған да қылмыс құрбанының қылмыстан кейінгі мінез-құлқынан көп нәрсе байланысты:

біріншіден, ол қылмыстың беймәлімділік деңгейіне барынша әсер етеді;

екіншіден, тергеудің сапалы болуы мен қылмыстық істерді сотта қарау- дың нәтижесіне барынша әсер етеді, себебі қылмыс жасаған, және өзге де үдеріске қатысушы адамдарға оң немесе теріс ықпал етуі (көбіне ықпал етеді) мүмкін.

Қылмыс құрбаны болған адамдардың құқық қорғау органына арыздану- дан бас тартуы - беймәлім қылмыстың басты құрамдас элементі - беймәлім құрбандылықтың пайда болу себебінің бірі болып табылады.

XX ғасырдың 90 жылдары жүргізілген зерттеулер құрбан болатын адам- дар тобының көпшілігіне кәсіпкерлер (62,5 %), жоғары білімді қызметкерлер (53 %), жоғары білімсіз қызметкерлер 51 %), жұмыссыздар (51 %), оқушы- лар (46 %), өндірістік кәсіпорындардың жұмысшылары (10 %) жатады екен.

Жастары бойынша құрбан болатындардың алдыңғы қатарын халықтың криминалды белсенді бөлігі құрайды: 18-29 жас аралығы - 42 %, 30 дан 50 жасқа дейінгілер - 41 %, 50 жас және одан үлкендер - 35,4 %, минималды - кәмелетке толмағандар - 35 %.

Жәбірленушілерге қылмыстан кейінгі әсер өсу тенденциясына ие кеңінен таралған құбылыс болып табылады.

Жәбірленушілерге: қылмыскерлер (71 %), олардың туыстары (5,8 %), залал келтірушілердің достары (2 %) ықпал етеді екен.



Buketov University

Жәбірленушілерге ықпал етудің құралына мыналар жатады: үнемі психикалық ықпал етумен жүретін физикалық зорлау - 2 %, психикалық зорлау - 77 %, уәде беру, өтініш - 19 %, пара беру- 2 %.

Әсер етуден кейінгі қол жеткізген нәтижелерге байланысты қылмыстан зардап шегушілер шыдамдылар мен шыдамсыздарға және тергеуге қарсы әрекет етуге бағытталған әртүрлі шаралар қолданушылар болып бөлінеді.

***Қылмыстық құқықтағы құрбандылық аспектілері***

Қылмыстан зардап шегушілердің жеке басы мен мінез-құлқы криминологиялық қана емес, қылмыстық-құқықтық маңызға ие, себебі ол қылмысты топтастыруда және кінәлілерге жаза белгілегенде есепке алынады. Бұл жағдай қылмыстық құқық үшін құрбантанулық зерттеуде тәжірибелік маңызын, қолдануы мен әрі қарайғы жетілдіруін анықтайды, одан қылмыстан зардап шегушінің өзіне тән жеке бас және мінез-құлық сипаттарын белгілі бір жағдайда тануға байланысты.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бұрынғымен салыстырғанда қылмыстан зардап шегушіге аса назар аударған.

Қылмыстық заңдылықтарда көрсетілген мемлекеттің қылмыстық саясатында қылмыс жағдайындағы жәбірленуші рөлі, оның заңды мүдделері мен қылмыскерге қатынасы үлкен дәрежеде ескеріледі.

Құрбантанулық факторлар жазаны ауырлататын және жұмсартатын жағдайларға арналған мақалаларда қаралған.

Ерекше бөлімнің нормаларын құрған кезде жәбірленушінің жеке басына тән көптеген сипаттары ескерілді. Осы ерекшеліктердің ішінде қылмыстан зардап шегушілердің құрбан болу сипаты ерекше орын алады. Мысалы, отбасына, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға жеке бөлім арналған (2-тарау), кәмелетке толмағандардың өмірін, денсаулығын, құқығы мен мүдделерін қорғауға жеке баптар (131-133, 136140-баптар), ата-ананың құ- қығы мен мүдделерін қорғауға жеке баптар (134-135-баптар) және т. б. қарастырылған.

Жәбірленуші белгілері қылмыс құрамының әртүрлі элементтеріне жатуы және оның объектісін және объективтік жағын (жағдайды, салдарын) сипаттауы мүмкін.

Жәбірленушілер белгісін топтастыру:

1. *Жәбірленуші жеке басын сипаттайтын белгілер*

***Жеке адамның физикалық белгілері*** - әйел (99-бап, 2-б., «4»-т.; 110-бап, 2-б., «2»-т.; 120, 121-баптар және т. б.); ***ер адамдар*** (121-бап); ***кәмелетке толмағандар*** (110-бап, 2-б., «1»-т., 120-бап, 2-б., «5»-т., 122-бап және т. б.); ***он төрт жасқа толмағандар*** (120-бап, 4-б.; 121-бап, 4-б. және т. б.).

***Жеке тұлғаның әлеуметтік белгілері*** - мемлекеттік және қоғам қайраткері (372-1-380-баптар), шетел мемлекетінің өкілдері, халықаралық ұйымның

Buketov University

қызметкері (432-бап), сот төрелігін жүргізуші қызметкер (407-411- баптар) және т. б.

Қылмыс құрамына енген жәбірленуші жеке басының белгілері қылмыс объектісімен үздіксіз байланысты және оны сипаттайды. Сондықтан жеке бастың немесе жәбірленуші құқығына қол сұғу - бұл қоғамдық қатынас- тардың бұзылуының түрі, оның қатысушысы жәбірленуші болып табылады, ал оған тиген залал - қоғамға тигізілген залал. Қылмыстың қоғамдық қауіпі осылайша, жәбірленуші жеке басының белгілерін барынша сипаттайды.

2. *Жәбірленуші мінез - құлқын сипаттайтын белгілер*

***Жагымды*** (заңды) ***мінез-құлық*** - мемлекеттік және қоғамдық әрекет (177, 178-бап), қызметтік әрекетті жүзеге асыру немесе қоғамдық парызды орындау (131-бап, 2-б., 378, 380-баптар), қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша әрекет(376-бап) және т. б.

***Теріс*** (заңсыз, аморальдық) ***мінез-құлық*** - зорлау, мазақ ету және т. б.

«Жәбірленуші келісімі» — өзіне залал келтіруге рұқсат ету немесе ол туралы өтіну, немесе өз өзіне залал келтіруді білдіреді (117, 118-баптар және т. б.).

***Жәбірленушінің мінез-құлық*** себебі жағынан қылмыскер мінез- құлқымен байланысты, қылмыстың себептік жағын сипаттайды.

3. Жәбірленуші жағдайын сипаттайтын белгілер

Дәрменсіз жағдай (99-бап, 2-б., «3»-т.); өмірі мен денсаулығына қауіпті жағдай (125-бап); жүктілік (99-бап, 2-б., «4»-т.).

Бұл белгілер қылмыс жағдайын да, оның объектісін де сипаттайды, себебі олар жәбірленушіге көмек көрсетуді міндеттейді, немесе қылмыскер оны өз қылмысы үшін пайдаланады, болмаса олар қылмыс пен қылмыс- керден келетін қауіпті жоғарылатады.

4. *Жәбірленуші мен кінәлінің өзара әрекеттестігін сипаттайтын белгілер*

Материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділіктен тұрады (110-бап,
2- б. «4»-т. және т. б.), жәбірленушіге қамқор болу міндеті (119-бап), әскери қызметтегі бағыну міндеті (439-бап және т. б.).

Аталған өзара қарым-қатынастардың болуы көп жағдайда жәбірленушіге деген қандай да бір міндетті жүктейді, немесе жәбірленушінің кінәліге тәуелділігін тудырады.

5. *Жәбірленушіге келтірілген залалды сипаттайтын белгілер*

Бұл белгілер қылмыстың әртүрлі құрамында былайша бөлінеді:

***физикалық (денеге) залал*** - өлім, денсаулыққа келтірілген ауыр, орташа ауыр, жеңіл залал, денені ауырту, зорлау және т. б.;

***материалдық залал*** - ірі, айтарлықтай және аса айтарлықтай емес.

Көптеген қылмыс құрамының белгісіне жәбірленушіге келтірілген

Buketov University

моральдық залал жатады (131-бабы және т. б.).

Кейбір құрамдарға міндетті түрде ***жеке бастың белгілері мен жәбірленушілер мінез-цұлцының үйлесуі*** енгізілген (лауазымды тұлға, қоғам қайраткері - қызметтік әрекет немесе қоғамдық парызды орындау; билік өкілі және т. б.).

Осыған байланысты, жәбірленушінің қылмыстық-құқықтық белгілері әртүрлі: статикада (жеке басы), динамикада (мінез-құлқы), жеке бас қасиет- тері мен мінез-құлқының үйлесуінде көрінеді.

Жәбірленушінің теріс мінез-құлқы залал келтіруші қауіптің болатынын білмеген немесе білмеуі керек, немесе білген, бірақ залалды тоқтатамын деп есептеген шытырман оқиғаларды, субъектілік жағдайды тудырады. Мұндай жағдайда жәбірленушінің теріс мінез-құлқы залал келтірушінің кінәсін ақтайды, және оны қылмыстық жауапкершіліктен босатады.

Бірақ, жәбірленушінің абайсыз мінез-құлқы қылмыстық жауапкершілікті болдырмайтын өзіндік жағдай болып табылмайды. Залал келтірушінің кінәсі болған жағдайда жауапкершілік артылады, және жәбірленушінің абайсыз- дығы қылмыс жағдайын сипаттау ретінде ғана қолданылады.

Құрбандылық кінә — бұл ниеттену немесе өз әрекетіне абайсыздық таныту нәтижесінде адамға моральдық, физикалық немесе материалдық залал келтіру түріндегі қауіпті психикалық қарым-қатынас.

Құрбандылық кінә жәбірленушінің теріс мінез-құлқы кезінде ғана орын алады.

Жеке тұлға өзінің құрбандылық мәртебесін жүзеге асырады, соған сәйкес мінез-құлық моделін және өмір салтын таңдайды, сондықтан оған криминогенді жағдайды тудырғаны үшін белгілі бір жауапкершілік (көп жағдайда моральдық) артылады. Бұл жағдайда қылмыстағы жәбірленуші рөлін үлкейтіп көрсетуге жол берілмейді. Бұл кінәліні ақтауда және болған оқиғаға құрбанның өзін кінәлауда аса қауіпті. Құрбанның кінәсі түсінігі шартты түрде қолданылады және қылмыстық-құқықтағы кінә түсінігімен сәйкес келмейді. «Құрбанның кінәсі» - қылмыстың объектілік жағының бір бөлшегі ғана, оны жасауға ықпал еткен немесе жеңілдеткен жағдай.

Сонымен қатар: «Қылмыстық заң қылмыстық қол сұғулардан жеке басты және өзге де құндылықтарды қорғау болып табылатын басты міндетін орындайды ма? Ол тиімді ме?» - деген сұрақтарға жауап бере отырып, профессор Лопашенко Н.А.[13]: «қылмыстық заң әрекет етіп жатқан барлық

[13] Лопашенко Н.А. Эффективное уголовное законодательство: утопия, иллюзия или нереализованные возможности? // Криминология вчера, сегодня, завтра. Труды Санкт-Петербургского криминологического клуба. — 2008. — № 1 (14). — 114- 115-б.



Buketov University

кезеңдегі ресми статистикаға жасалған талдау, өкінішке орай, оны жоққа шығарып отыр. Жеке адамға қарсы қылмыстар ... статистикалық көрсеткіш- тер бойынша көбейіп отыр, ол әрине елдегі шынайы жағдаймен сәйкес келмейді, көптеген сараптамалық мәліметтерде ресми статистикаға қараған- да оның тіпті артып отырғанын көреміз. Бұл (Лопашенко Н.А.) қылмыстық
заң алдына мұндай міндетті --------- жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің құндылықтарын қорғауды қате қойған деген ойға себепші болады. Бұл априори орындалмайды.

Сонымен, қылмыстың шынайы құрбандарын қорғау проблемасын шешу зерттеуді және жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Профессор Н.П. Мелешконың пікірінше, бұл жерде сот өндірісін қайта қалпына келтіру белгілі бір рөл орындауы мүмкін. Ол: «Сот өндірісін қайта қалпына келтіру
- қоғамға қылмысқа қалай жауап беру керектігін көрсететін жаңа көзқарас болар еді: кез келген қылмыс құрбанына келтірген залалды құқық бұзушы түзетуге міндетті болуы керек»[14]. Әрі қарай ол сот өндірісін қалпына келті- руді жақтаушылар өздерінің жүзеге асыратын міндеттерінің бірі ресми сот төрелігін ауыстыру емес, оларды достастыру процедураларымен толықтыру керек дейді, ол әсіресе ресми қылмыстық үдерістің назарынан тыс қалып жататын қылмыс аспектілеріне аса назар аудару керек екенін айтты.

## 4. ҚЫЛМЫСҚА ӘСЕР ЕТУДІҢ ҚҰРБАНДЫЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

***Қылмысца әсер етудің құрбандылъщ багытының жалпы сипат- тамасы***

Отандық криминологияда қылмыстың алдын алудың екі негізгі деңгейі қарастырылады - жалпы әлеуметтік және арнаулы-криминологиялық, сондай-ақ жеке ескертулер.

Шамамен XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап қылмысты алдын алудың құрбандылық бағыты пайда болып, дамып келеді, ол қылмыстық емес, құрбандық мінез-құлықты алдын алуды мақсат етеді.

Құрбандылық сипаттағы шаралар құрбандылықты тудыратын немесе ықпал ететін факторларды жоюға, бейтараптандыруға немесе азайтуға бағытталған. Ол қылмыс құрбандарының заңсыз немесе аморальды мінез- құлықтарын анықтайтын факторларға да, заңды, әсіресе белсенді мінез- құлық кезінде жәбірленуші болу қаупін арттыратын факторларға да ықпал етуден тұрады.

Осыған сәйкес, ***құрбандылықтың алдын алу*** азаматтардың заңсыз немесе

---

[14] Мелешко Н.П. Криминологические проблемы развития и становления «Ювенальной юстиции» как системы государственного и социального контроля по защите детства // Криминология вчера, сегодня, завтра. Труды Санкт- Петербургского криминологического клуба. — 2008. — № 1 (14). — 82-б.



Buketov University

аморальды мінез-құлықтарымен, сондай-ақ осыған ұқсас мінез- құлқы бар адамдармен байланысты, құрбандылықты тудыратын немесе ықпал ететін факторларға мақсатты арнайы ықпал ету ретінде анықталуы мүмкін. Дәл осылайша оның объектісіне өздері үшін құрбандылық қаупі болатын, оң мінез-құлықты адамдар мен факторлар да жатады.

Құрбандылықты алдын алу — барлық жүйемен тығыз байланысты болып келетін, қылмысты алдын алу жүйесіндегі арнаулы бағыт.

Қылмыстың алдын алуға ықпал ету жалпы әлеуметтік және арнайы ескерту (соңғысына криминологиялық, қорғау және қылмыстық-құқықтық алдын алу кіреді) жүйелерінен тұрады. Құрбандылық аспектісі қылмыстың алдын алудың барлық компоненттерінен табылғанымен, көбіне криминоло- гиялық алдын алу жүйесінде көбірек қарастырылған.

Осы жүйелер құрамында төмендегілер әрекет етеді:

1) жалпы әлеуметтік құрбандылықтың алдын алу;

2) мақсатты түрде бағытталған (арнаулы) құрбандылықты алдын алу.

Жалпы әлеуметтік деңгейде қылмыс құрбандылығын алдын алу эконо- микалық, саяси, теологиялық, үйымдастырушылық, құқықтық сипаттағы шаралармен жүзеге асады, олар қылмыспен күресуге арналмаған, тек қылмыстың алдын алуға бағытталған.

Бірақ бұл шаралар (болашақта) құрбандылық қаупін төмендететін, құрбандылық факторларын жоятын жағдайларды, тұрғылықты кешендерді салу кезінде құрбантану міндеттерін есепке алуды қамтамасыз етеді.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының криминологтар бірлестігі туралы декларацияда (2005 жылғы 24 мамырда Санкт-Петербургтегі криминология- лық клубтың Халықаралық конференциясында қабылданған) Ынтымақтас- тық елдерінде әлеуметтік құрылымға енбеген, балаларға, қарт адамдарға, сондай-ақ қоғамның әлсіз қорғалған мүшелеріне (мүгедектер, қамаудағылар және т. б.) сенімді әлеуметтік қорғау қалыптаспағандықтан, олардың құрбандануы мен криминализациясына ықпал етеді деп атап көрсетілген.

Тұрақты құрбандылығы бар азаматтар тобына жалпы құрбандану аясы әлеуметтіктен тыс факторлар арқылы (физиологиялық, психологиялық және т. б.) берілетін адамдар жатады. Оларға бірінші кезекте әйелдер, балалар, егде жастағы адамдар, мүгедектер және т. б. жатады. Тұрақсыз құрбандылы- ғы бар адамдар тобын әлеуметтік факторларға негізделген, мигранттар, этникалық, діни, сексуалдық азшылықтар және т. б құрайды. Қазіргі жағдай- да алғашқылардың құрбандылық дәрежесі жедел өскен де, этникалық және сексуалдық азшылық - біршама төмендеген. Әлеуметтік топтар құрбан- дылығының аясы криминогендік құрбанданудың тұрақты және тұрақсыз факторларының кейбір орташа құрамы ретінде түсіндірілуі мүмкін.

Buketov University

Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі барлық мемлекеттердегі жағдайға тән біз- дің елде де қоғамның нашар қорғалған мүшелеріне кедейлікті де жатқызуға болады. Қазақстандағы кедейлік жоғарғы және төменгі әлеуметтік қабаттардың табысы мен кірістерімен өлшенеді.

Соңғы жылдары Қазақстандағы экономикалық даму қарқынына қарай әлеуметтік мемлекеттен таптық мемлекетке өту кезеңінде әлеуметтік жікке бөліну процесі тереңдей түсуде (байлар байй түсуде, кедейлер кедейлене түсуде).

Қылмысты алдын алудың әлеуметтік-криминологиялық түрі алдын алу- дың міндеттерін тікелей шешуге бағытталған шаралардан тұрады. Осы шараларды қолдану аясына мінез-құлықтары заңсыз немесе аморальды (соның ішінде өздеріне де қауіп төндіретін) болып келетін адамдар жатады, оған сондай-ақ осындай адамдар осы қалыпта қалыптасып, ақыр соңында қылмыс жағдайының әрекет етуші рөлін атқаратын (немесе атқаруы мүмкін) жағдай да жатады.

Белгілі құрбантанушы А.Фаттахтың пікірінше, қылмысты алдын алу саласындағы келеңсіздіктер мыңжылдықтар бойы жасалған қылмыстық әрекетке немесе қылмыскердің өзіне барлық назарды аударады да құрбанға еш назар аударылмай келген.

Бүгіндері қылмыстың алдын алуда тек қылмыскерге қатысты жұмыс деп қана қарамай, жәбірленушіні тек зардап шегуші, қылмыс жағдайының жай ғана бөлшегі ретінде бағалаудың өзгеруінен тұратын құрбандылық мүмкіндіктеріне назар аудару алдын алуға деген көзқарастың өзгергенін көрсетеді.

Арнаулы құрбандылықтың алдын алу дәстүрлі алдын алу бағыты сияқты оның қосымшасы бола отырып, төрт негізгі компоненттен тұрады:

1. Жалпы құрбандылықтың алдын алу, ол қылмыстың себебі мен оның жасалуына ықпал еткен жағдайларды анықтаудан, егер олар жәбірленушінің жеке басы мен мінез-құлқымен байланысты болса, онда осы себептер мен жағдайларды жоюдан тұрады.

2. Жеке құрбандылықтың алдын алудан, ол:

а) мінез-құлықтары немесе жеке қасиеттерінің жиынтығынан қылмыс құрбандары болуы мүмкін адамдарды анықтаудан;

б) осы адамдарға қатысты тәрбиелеу, оқыту, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралар ұйымдастырудан тұрады.

3. Шұғыл құрбандылықтың алдын алудан, ол әлеуетті құрбанның қорғаныш ресурстарын қолдана отырып, ойластырылған және дайындалған нақты қылмыстардың алдын алудан, сондай-ақ «жәбірленушіден» жүргізілетін жұмысты ұйымдастыру кезінде пайда болатын тактикалық мүмкіндіктерден тұрады.

4. Қылмыстық істі тергеу және сотта қарау бойынша және жалпы қыл-



Buketov University

мыстық құқық бойынша әрекетке құрбандылық әсер ету.

Алдын алу жұмысының құрбандылық аспектісіне (арнаулы құрбандылықтың алдын алуға) назар аудару ұйымдастырушылық, ақпараттық және тактикалық-әдістемелік проблемаларды шешу қажеттілігімен байланысты.

Қылмыстың алдын алу бойынша әрекетке қолданатын тактика қылмысты болдырмау мақсатында жедел-іздестіру және өзге де шараларды жүзеге асыратын заңды, ғылыми негізделген және озық тәжірибеде расталған әдістердің, тәсілдердің және жолдардың мақсатты жүйесімен анықталады.

Тактикалық кесте мына әдістерге негізделеді:

1) қылмысты жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау және жою арқылы қолдану мүмкіндігін болдырмау;

2) қылмысты ойластырған немесе дайындап жүрген адамдарға ықпал ету;

3) қылмыстың ниетпен аяқталған қылмыс әрекеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіру.

Құрбандылықтың алдын алу субъектілеріне Н.С. Черных[15] мыналарды жатқызады:

1) мемлекеттік және қоғамдық органдар (соның ішінде көптеген шет елдерде және Ресейде бар құрбандылық қоғамдары);

2) азаматтар.

Арнаулы субъектілер ретінде оның ойынша (Черных Н.С.), мемлекеттік органдарды да жатқызуға болады (құрбандылық қызметтер мен мемлекеттік құрылым бөлімшелері, және қоғамдық ұйымдар жатады, олардың басты қызметтері құрбандылықтың алдын алу және арнаулы құрбандылық баспалары).

Қылмыстың құрбандылығын алдын алуды ұйымдастырушылық және құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру проблемасына келер болсақ,
В.И. Задорожныйдың айтуынша, ішкі істер органының алдын алу әрекетін реттейтін құқықтық актілерге жасалған талдаулар олардың бірінде де құрбандылық бағытындағы шараларды жүргізу туралы сөз қозғалмағанын көрсетеді. Оның үстіне, «құрбандылықтың алдын алу», «азаматтардың құрбанды категориялары» деген терминдер мен олардан туындайтын түсіндірмелер ол нормаларда қолданылмайды екен. «Қылмыс құрбандарын қорғау қағидасының бастыларын енгізу мен жүзеге асыру мәселелеріне келгенде аса прогресшіл болып келген халықаралық құқық біздің елдегі құрбантану саясатын жүргізудің негізі болып табылады, оның барысында ұлттық заңдылықты және жәбірленушіге деген адами қатынасты қарастыратын

---

[15] Криминология: Учебн. для вузов / Под общ. ред. д-ра юрид.н., проф. А.И. Долговой. — М., 2001. — 447-б.



Buketov University

тәжірибені жоспары түрде қайта қарап шығу керек»[16].

***Құрбандылықтың алдын алу цылмыстылыцца әсер етудің бір бағыты ретінде***

Қылмыстың алдын алуда құрбандану мүмкіндіктеріне назар аудару әртүрлі мәселелерді шешуді қажет етеді:

Бірінші кезекте — кадрларды даярлау; халықпен өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін іздестіру; құрбан болуға аса бейім адамдардың кейбір катего- риясын қорғану құралдары мен арнаулы техникамен және т. б. қамтамасыз ету. Бұл үшін мыналар қажет:

- ішкі істер органының алдын алу бөлімшелерінде психо-педагогикалық қызметті (жәбірленушілермен жұмыс істейтін) ұйымдастыру және дамыту;
- әлеуетті жәбірленушілердің алдын алу есебін құру;
- құрбандылық тұрғысынан алғанда аса қауіпті объектілер мен учас- келерге арнаулы есеп құжаттарын (карточкаларды, істерді) құру;
- барлық мүдделі ведомстволардың өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету.

Сондай-ақ ***ақпараттық проблеманы*** да шешу қажет, оның ішінде:

а) құрбандылықтың әртүрлі аспектілеріндегі көптеген құбылыстарды зерттеу және алдын алу қызметін типтік біліммен қамтамасыз ету;

б) ішкі істер органының қызметтерінің, әсіресе алдын алу қызметінің тікелей әрекетінде құрбандылықты алдын алудың нақты объектілерін анықтау.

Қылмысты алдын алуда құрбандану мүмкіндіктерін қолдану қылмыстық немесе әкімшілік заң тұрғысынан талап қоя алмайтындықтан (олардың ерік- ті келісімдері керек), адамдар өміріне араласуды қажет етуімен күрделенген.

Жалпы әлеуетті жәбірленушілерді анықтау үш бағытта жүргізіле алады:

а) жағдайдан, болған оқиғаны анықтап, талдау кезінде біз бұл жағдайда нақты әлеуетті әлсіз адамдарды анықтаймыз;

б) қылмыскерден, оның байланыстары немесе типтік мінез-құлқын зерт- тегенде біз одан зардап шегуі мүмкін әлеуетті жәбірленушілерді анық- таймыз;

в) жәбірленушіден, нақты адамға «шығу» одан құрбан болуға аса бейім- ділік қасиетін анықтаймыз.

Қорыта айтқанда, қылмыстың алдын алуда құрбандану мүмкіндіктерін қолданудың жалпы бағыттары мынадай:

а) әлеуетті жәбірленушілердің қорғану мүмкіндіктерін барынша пайда- лану, оған мақсатты түрде жүргізілген тәрбие жұмыстарын: дене шынық- тыру, жыныстық тәрбие, батылдық сияқты қасиеттерге тәрбиелеу және т. б. ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады;

б) құқықтық оқыту мен тәрбиелеу, ол азаматтардың қажетті қорғану туралы заңдылықтарды білуі үшін, дер кезінде құқық қорғау органдарына ақпарат беру үшін және т. б. қажет;



Buketov University

в) шабуылдауға ұшыраған адамдардың мүмкіндіктерін сапалы арттыру, қорғанудың техникалық құралдарымен (қорғану дабылдарынан бастап қаруллануға /мысалы, аңшы мылтығы/ дейін) қамтамасыз ету арқылы қылмыскерге қарсы әрекет ету;

г) жедел-іздестіру әрекетінің жәбірленушісін, ақпараттық мүмкіндіктер тұрғысынан да, алдын алу сипатындағы шараларды жүзеге асыру тұрғы- сынан да белгілі бір қайта бағдарлау.

Жалпы әралуан алдын алу шаралары екі негізгі топты құрайды:

а) қорғану мүмкіндіктерін белсендіру, оқыту, тәрбиелеу, соның ішінде құқықтық насихат жүргізу, қауіпті мамандық иелерін кәсіби оқыту, оның мақсаты қажетті сақтық танытуды, сыни көзқараста болуға үйрету (бұның барлығы жеке адамдарға емес, топтарға арналған), кей жағдайларда қарумен және арнаулы қорғану құралдарымен және т. б. қамтамасыз ету және т. б.;

б) қауіпсіздікті «сырттан» қамтамасыз ету: ПБПҚ жұмысын ұйымдасты- ру, қорғау дабылын құру, мас адамдарды дер кезінде оқшаулау, территория- ны абаттандыру бойынша шаралар (жарықтандыру) және т. б.

***Әртүрлі цұрбандыц мінез-цұлыцты жәбірленушілерге цатысты цұрбандылыцтың алдын алу***

Егер нақты қылмыстардың алдын алу және құрбандылық аспектісіндегі жалпы алдын алу көп жағдайда дәстүрлі алдын алу бағытында өзіндік «үстеу», «қосымша» болса, жеке құрбандылықтың алдын алу - басынан аяғына дейін дербес жұмыс. Бұл өз мінез-құлықтары мен жеке қасиеттерінің жиынтығы бойынша қылмыскерлердің құрбаны болуға бейім адамдарды анықтауға арналған, оларға оң ықпал ету мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. Құрбандылықты алдын алудың жеке объектісіне нақты қылмыс жасау қаупі жоқ адамдар жатады. Бұл қауіпті жағдайларды тосудың кезеңі, ол әлі нақты қауіп болмағанымен, әдетте нақты адам зардап шегуі мүмкін қылмыс туралы түсінік бар.

Жеке алдын алудың өз объектісі ретінде нақты адамы (жалпы алдын алу сияқты топ емес) бар.

Белгілі бір адамға ықпал ету жүйесін құру үшін жеке тұлға туралы толық түсінігі болуы керек. Мұндай түсінік ең аз дегенде, осы адамның адамгершілік-психологиялық оң және теріс қасиеттері туралы білімінен және оның жалпы әрі арнаулы құрбандығына берілген бағасынан, яғни қауіпті жағдайларда қандай да бір жеке қасиеттерінің жағымсыз жағының көрінуінен құралады.

Мінез-құлық параметрі бойынша бағалау негізінде объектіні, яғни құрбандануға қатысты адамды қамтудың төрт кезеңдік схемасы жасалған:

а) жеке алдын алу объектісін оған тән мінез-құлық сипаты бойынша және



Buketov University

біліктілік санатын анықтау;

б) сыртқы кері ықпал ету және алдын алу жүргізілген жеке тұлғаның теріс қылықтарын жоюға бағытталған бастапқы шараларды жүзеге асыру;

в) жеке адамды психологиялық деңгейде тексеру және оның әлеуметтік-психологиялық типін анықтау;

г) бұл жұмыс алдын алу шарасы жүргізіліп отырған адамның жеке басы туралы толықтай түсінік болғанда және осы адамның жеке мінез-құлқын есепке ала отырып, тәрбиелеу - ескерту шараларын жүзеге асыруда ғана мүмкін.

***Агрессиялы жәбірленушілерге қатысы бойынша қылмыстың алдын алу шаралары***

Құрбандылық бағыттағы алдын алуды жүзеге асырудың негізіне қылмыстың алдын алуға бағытталған шаралар кешені жатады. Бұл жағдайда нәтижеге қол жеткізуді зиянды салдардың болмауы да қамтамасыз етеді. Алдын алудың тактильді тәсілдердің ішінде барлығы, кез келген канал арқылы әлеуетті жәбірленушіге әсер етуден бастап, оны оқшаулау мен жауапкершілікке тартуға дейінгі шаралар қолданылуы мүмкін. Жеке адамға әсер ету оны агрессиялық ниеттен, әрекеттен бас тартуға апаруға бағыт- талған. Бұл жерде әртүрлі деңгейде табысқа жетуге болады: сол уақытқа қойылған міндетті орындаудан бастап - белгілі бір сәтте және белгілі бір жағдайда қылмыс жасаудан бас тарту - ол адамның ұстанымына оң өзгерістер енгізуге дейін және осының негізінде әрі қарайғы қалыпты мінез- құлықты қамтамасыз ету.

Егер алдын алу ретінде әсер ету нәтижесінде жәбірленуші өз мінез- құлқын түсініп, оны мінеп-сынаса, онда бұл оның түсінігінде, ұстанымында тұрақты оң өзгерістердің орын алғанын дәлелдейді.

Алдын алу шараларына адамның (топтың) агрессиялы және қауіпті мінез-құлқын жоятын немесе барынша қиындататын жағдайларды тудыру арқылы құрбандық салдары болуы мүмкін жағдайларды болдырмау бойын- ша әрекеттерді де жатқызуға болады.

***Белсенді жәбірленушілерге қатысы бойынша қылмыстың алдын алу шаралары***

Жәбірленушілердің бұл категориясына (оларға өз күштерімен залал келтіруге бағытталған, өздеріне залал келтіруді немесе қарсы әрекет етуді өтіну тән) қатысы бойынша құрбандану сипатындағы алдын алу шараларын әсер етудің екі бағытын есепке ала отырып құру керек: бірінші - тікелей әлеуетті жәбірленушіге, екінші бағыты - егер ондай болса, әлеуетті залал келтіруге.

Тактикалық тұрғыда әлеуетті жәбірленушілерге әсер ету қылмыстық жауапкершілікке жәбірленушінің өзі де, және оның өтініші бойынша залал келтіргенге мүмкіндігі туралы ескертуді де қосу керек. Әсер етудің мақсаты - қылмыс жасаудан бас тартуға қол жеткізу.

Buketov University

Алдын алудың құрбандылық бағытында ерекше орынды дәрігерлік қадағалау мен бақылау (криминалды жасанды түсік жасаған, аяғаннан өлтірген қылмыскерлер үшін) алады.

Алдын алу сипатындағы аса әсерлі нәтижеге жеке адамның дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ уақыт бойғы оң әсер етудің арқасында қол жеткізуге болады, ол қылмыстың аса белсенді құрбандарына қолдануға ыңғайлы және жыныстық тәрбиемен, азаматтық парыз туралы, бөгденің жеке меншігіне қатысты адами түсініктерді қалыптастырумен тығыз байланысты.

***Бастамашыл жәбірленушілерге қатысы бойынша қылмыстың алдын алу шаралары***

Әлеуетті әлсіз адамдардың бұл категориясына ең алдымен кәсіби әрекеті жанжал тудырарлық жағдайлардың пайда болуымен тікелей байланысты адамдар тобы кіреді (мемлекеттік орган, әкімшілік қызметкерлері, депутат- тар және т. б., олардың мамандығы әртүрлі қауіпті істерге және әрекеттерге араласуды міндеттейді, және қауіпті жағдайларға араласуы қандай да бір формальды сәттермен байланыссыз болатын адамдар). Бұл адамдарға тигізілген залал сипатына қарай әртүрлі болады, бұлар көбіне өмірге, денсаулыққа, жеке бастың ар-намысына қарсы жасалған қылмыстар (жалпы алдын алу тұрғысынан алғанда оларды оқыту, дұрыс кәсіби таңдау жасау, қару- ландыру, құқықтық насихатты кеңінен ұйымдастыру және т. б. әрекеттер маңызды орын алады).

Осыған байланысты, осы категорияға қатысты алдын алу жұмысының жүйесі мынадай шаралардан тұрады:

а) әрбір нақты адамды оқытуға және тәрбиелеуге бағытталған;

б) жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету және «бастамашыл адам - полиция органы» желісі бойынша өзара әрекеттестік жүйесін құру, сонда полицияның араласуы әлдеқайда тиімді болар еді;

в) заңдылық - қажетті қорғану туралы заңдылықтарды жетілдіру;

г) халыққа құқықтық тәрбие беру.

***Әрекетсіз жәбірленушілерге қатысы бойынша қылмыстың алдын алу шаралары***

Құрбандылық сипатындағы шаралар кешені қылмыскерге объектілік жағынан қарсылық көрсете алатын және объектілік жағынан қарсылық көрсете алмайтын жәбірленушілерді есепке ала отырып құрылуы керек.

Қылмыскерге объектілік тұрғыда қарсы әрекет етуге қабілетсіз (тұрақты түрде немесе уақытша) адамдарға қатысты қылмыстарды алдын алу мақсатында мыналарды жүзеге асыру қажет:

- қоғамдық орындарда полицияның сыртқы күштері арқылы мас адам-

дарды уақытында алып кетіп отыруды жүзеге асыру;

- отбасына зорлық көрсететін ауыру, қартайған адамдарды қарттар үйіне және емдеу мекемелеріне орналастыру;

- залал келтірушіні оқшаулау туралы негіз болғанда (мысалы, ҚР ҚК 115-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тарту, мәжбүрлі айырбас және мәжбүрлеп қоныс аударту);

- полиция қызметкерлерінің қолайсыз отбасыларын жиі тексеріп тұруы;

- маскүнемдік пен нашақорлықтан емдеуді ұйымдастыру.

Залал келтірушіге объектілік жағына қарсылық көрсете алатын, бірақ әртүрлі себептерге байланысты қарсылық көрсетпейтін әрекетсіз жәбірленушілерге қатысты алдын алу шаралары оларды тікелей қорғауға бағытталғаннан басқа, бұл адамдарды белсендіруге, қылмыскерге қарсы тұру керектігіне тәрбиелеуден тұруы керек.

Әрекетсіз жәбірленушілердің басым бөлігін кәмелетке толмағандар құрайды. Әрекетсіз жәбірленушілер туралы ақпарат көздері әртүрлі болуы мүмкін: дәрігерлік және балалар мекемелерінен, тұрғындардан алынған мәліметтер, қылмыстық істерді зерттеуден және т.б.

***Сынай алмайтын жәбірленушілерге*** жеке-алдын алу шаралар кешені ерекше болып келеді, себебі олар болған жағдайды түсінбейді, оның қауіпті болу мүмкіндігін болжай алмайды. Жәбірленушілердің сынай алмауы әрекетсіз және белсенді, оң және теріс мінез-құлықпен үйлесуі де мүмкін.

Алдын алу шаралары:

- тәрбие жұмысы;
- қатерлі жағдай мен ондағы мінез-құлықты тануға үйрету;
- құқықтық және медициналық насихат;
- әлеуетті құрбандардың аса сенгіштігімен жұмыс;
- тұрғылықты жерлерде (жатаханада) міндетті ішкі тәртіпті қамтамасыз ету;
- қорғау - өрт дабылдары құралдарын енгізу;
- құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің әлеуетті құрбандарға қауіпті жағдай тууы туралы хабарлауы.

Сондай-ақ, медициналық алдын алу шараларын да ұмытпаған жөн, себебі әлеуетті құрбандардың белгілі бір бөлігін денсаулығында психикалық ауытқулары бар адамдар құрайды.

***Құрбандылықтан цоргау және қылмыс құрбандарына көмек көрсету***

Қылмыстан келген залал қылмыстық құқықта өзінің сипатына қарай де- не, моральдық, материалдық, саяси, ұйымдастырушылық, құқықтық болып бөлінеді немесе екі үлкен топқа: материалдық және материалдық емес болып бөлінеді. Сонымен қатар, криминологияда қылмыстық залалдың өзге де түрлері бар. Мысалы, залалды (шығынды) бастапқы және екінші (қайта- лама), тура және жанама, жақын және алыс қылып бөлу кездеседі. Бастапқы келтірілген

Buketov University

залал тікелей қылмыстың өзінен туындайды. Екінші рет келген залал бастапқы залалға жеткіліксіз формальды және формальды емес жауап беру бойынша құрбандылықтың қайталануымен байланысты.

Г.Й. Шнайдердің пікірінше, екінші залал бастапқы залалға қарағанда аса күрделі (мысалы, зорлықпен жасалған қылмыс жағдайлары).

Қылмыстан келген залалды өтеу мәселесі бойынша олар дәстүрлі және дәстүрлі емес, заңды және заңсыз жолдарға бөлінеді.

Дәстүрлі құқықтық аспект қылмыстық-іс жүргізу әдебиеттерінде барын- ша толықтай зерттелген. Қазақстанда келтірілген шығынның орнын толтыру екі түрде жүзеге асырылады: кінәлі адамның шығынды ерікті түрде орнын толтырумен қоса, кінәліден мәжбүрлеп өндіріледі және ерікті немесе міндетті сақтандыру болғанда сақтандыру сомасын төлеу арқылы. Мемлекет қылмыс құрбандарына келтірілген шығынның орнын толтырмайды.

Қылмыс құрбандарына тигізілген залалды мемлекеттің өтеу тәжірибесі Ұлыбританияда, АҚШ, Канада, Австралия мен Жаңа Зеландияда орын алған.

Жәбірленушіге тигізген залалды зиян келтірушінің өзі өтеуі үлкен мәнге ие. Осы бағытты, соның ішінде заңды түрде шешуді қолға алу қажет (Миннесот реституциялық орталық тәжірибесі, АҚШ).

***Шет елдердегі құрбандылықтың алдын алу***

Қылмысқа құрбандылық әсер ету аса тиімді, тіпті адамгершілікті, себебі адамның жеке басының құқығы мен бостандығына араласумен байланыс- сыз. Шет елдерде Қазақстанға қарағанда мұндай алдын алу жұмысы ертеректе пайда болған.

Батыста тәжірибелік құрбантанудың дамуы келесі бағыттарда жүргізіледі:

- жеке адамды дайындау (криминалдық жағдайларда оңтайлы мінез- құлық көрсету алгоритмін дайындау - арнайы тренинг);
- қызметтік әрекеттері қылмыстық қол сұғуға ұшырау қаупі бар лауазымды тұлғаларды қорғау деңгейін арттыру;
- құрбандылық жағдайын біртіндеп азайту, алдын алу және олардың жолын кесу, азаматтарды осындай жағдайлар туралы хабардар ету;
- азаматтарды мүмкіндігінше аулақ болу мақсатында, «қақпандар» туралы хабардар ету;
- қылмыстан зардап шеккендерді қорғау және оңалту.

Құрбантануда әсер етудің (қорғаудың) әрекетсіз және белсенді түрлері бар. Әрекетсіз түріне қорғау тәртібіндегі шаралар жатады (оққағарлар, броняланған автокөліктер, броня киімдер кию және т. б.).

Белсенді түріне өзін өзі қорғау және өзге адамдардың көмегімен қорғау жатады.

АҚШ-да жәбірленушілерге заңды көмек көрсету, қаржылай қолдау,

Buketov University

уақытша тұруға тұрақ беру түрінде көмек көрсететін ұйымдар өте көп. Елде қылмыс құрбандарын қорғау бойынша 2000-нан астам бағдарламалар бар. Оны қаржыландыру шамамен 35 млн. долларды - федералдық қаржылан- дыру құраса, шамамен 200 млн. долларды федералды емес қаржыландыру құрайды.

Қылмыс құрбандарына көмек көрсету ұйымдары мысалы Норвегияда, Нидерланда, Канадада, Францияда және т. б. елдерде бар[17].

Қылмыспен күресу және құрбандылықтың алдын алуды ақпараттық және әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етудің маңызды жеріне статистикалық және әдістемелік жинақтарды басып шығару жатады. Мысалы, АҚШ юстиция Министрлігінде «Қылмыстық сот төрелігі статистикасының жинағы» басылып шығады, онда қылмыс пен қылмыскердің криминологиялық ерекшеліктері, халықтың құрбандану деңгейі туралы толық ақпарат берілген. Сондай- ақ, онда сот статистикасының мәліметтері, құқық қорғау органдарының саны, кейбір қылмыстар туралы мәліметтер, олардың аймақ, штат, қалалар бойынша бөлінуі келтірілген.

Қалалардың сәулетті жобасы мен жоспарлары ескертушілік маңызға ие.

## 5. ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ САЛАДА ЗОРЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДАҒЫ ҚҰРБАНДЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

***Отбасында қылмыстық мінез-құлыққа итермелейтін құрбандылық механизмдері***

Адамның өмір сүру салты оның тұратын, тәрбиеленетін, әрекет ететін тікелей ортасымен байланысты кіші әлеуметтік топтардың қызметімен тығыз байланысты. Бұл отбасы, мектеп, өндірістік ұжым, жақын жуықтары (туыстары, достары, таныстары). Отбасында жасалатын адам өмірі мен денсаулығына қарсы қылмыстардың астарында жеке бастың қылмыстық мінез-құлқын жүзеге асыратын (немесе соған итермелейтін) құрбандылық механизмі отбасында жатыр.

Отбасылық қарым-қатынаста жасалған қылмыстың алдын алуда құрбандылық аспектілері туралы сөз қозғағанда, А.И. Морчев былай дейді: «Отба- сы ішінде орын алған қорлық көрсете отырып жасалған қылмыс құрбан- дануына келетін болсақ, ол кешенді криминологиялық проблема ретінде жеткіліксіз зерттелген». Сондықтан оны зерттеу керектігіне негіздеме бере кетеді[16].

Отбасылық қылмыстарды тексере отырып, оған құрбандану талдауын жасау аса маңызды. Ол криминологиялық зерттеулер шегіне ене отырып, оның басты

[16] Морчев И.А. Виктимологические аспекты предупреждения насильственных преступлений, совершаемых в сфере семейных отношений // Российский следователь. — 2006. — № 11. — 40-41-б.



Buketov University

бағыттарының бірі бола алады. Егер криминология «қылмыс туралы ғылым» деп аударылса, викимология, яғни құрбантану - «қылмыс құрбаны туралы ғылым» дегенді білдіреді. Бірақ, криминология үшін де құрбантану үшін де ең бастысы «қылмыскер-құрбан» қарым-қатынасы, немесе басқаша айтқанда, «кінәлі-жәбірленуші» байланыстары. Отбасылық қылмыстарды зерттей отырып ол әрекеттің барлық «қатысушыларын» зерттеу керек. В.И. Полубинский: «Қылмыс - екі параллель, бірақ олар бір- бірімен қосылатын паралель, ал жеке тұлғалар (қылмыскер мен құрбан) кездеседі; олардың қайсысы қылмыскер, қайсысы құрбан болатын тек жағдай мен басқа да жағдаяттар анықтайды» - деп көрсетті. Мұндай «бірлік» туралы толығырақ Л.В. Франк жазды, ол жәбірленушінің құрбандылық мінез-құлқы кесірінен жасалған қылмыстарды бөліп қарастырады. Ол зерттеуінің әртүрлі бағыттарын көрсете отырып, әсіресе отбасылық- тұрмыстық қылмыстарды ерекше атап берген. Дегенмен мамандар отбасындағы қарым-қатынас саласындағы құрбандылық тұрғысынан алғандағы зерттеулер әлі күнге дейін өз дәрежесінде дамымай келеді деп атап отыр. Шет елдердегі осыған сәйкес жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат қазақстандық құқыққорғау органдары үшін де, отандық криминологиялық проблемаларды зерттеушілер үшін де қол жетпес болып қалып отыр. Отбасылық қарым-қатынастарға келетін болсақ, онымен құрбандылық проблемалардың әлі де болса әлеуметтік маңызға ие болмағаны және жәбір- ленушілермен қарым-қатынас тәжірибесі мен құқықтық реттеудің жалпы артта қалуымен байланысты екенін көреміз.

Қылмыстық қол сұғушылық құрбаны — криминологиялық зерттеудің басты объектілерінің бірі. Қылмыстық мінез-құлыққа итермелейтін немесе оны жеңілдететін жеке адамның қасиеті, әлеуметтік рөлі немесе әлеуметтік жағдайы ретіндегі құрбандылықты анықтай отырып, С.М. Иншаков жеке, рөлдік және жағдаяттық құрбандылықты бөліп қарастырады, сондай-ақ құрбандылық факторларына да тоқталады: жәбірленушінің жеке сипаты, дау-жанжал жағдайының дәрежесі, осы жағдай дамыған уақыт пен оқиға орнының ерекшелігі. Дәл осындай пікірді А.И. Алексеев те ұстанып: «қылмыстық мінез-құлық механизмінде кейіннен қылмыс құрбанына айналатын адамдардың жеке қасиеттері маңызды», - дейді. Жүйелі түрде болып отыратын, әртүрлі отбасылық дау-жанжал жағдайын шешу кезінде отбасы мүшелері бастарынан өткізген құрбандылық жағдайына баға беру қажеттігі туындап отыр, себебі кез келген жағдайда, жәбірленушінің жеке қасиеттеріне қарамастан, олар қайта жаңарады, қайталанады, орын алған отбасылық дау-жанжалға байланысты бірнеше рет қайта басталады.

Әлеуметтану ғылымында құбылыстар немесе үдерістерді кездейсоқ, тұрақты, көпшілік және барлығына ортақ деген топтарға бөледі. Бақылау шегі

Buketov University

аталған үдеріске қатысушы бақылау бірліктерімен анықталады. Егер құбылысқа бақылау бірліктерінің 10-нан 40 %-ға дейіні қатысса тұрақты деп есептеледі, бақылау бірліктерінің 60-тан 90 %-ға дейіні қатысса ол жаппай болып табылады. Егер осындай бірлікпен отбасында аз дегенде бір нашақор отбасы мүшесі болса, онда оның қатысуымен болатын отбасылық дау- жанжал жағдайын тұрақты немесе тіпті жаппай деген баға беруге болады.

Социологтардың мәліметтерінше, үйде ересек балалары бар отбасыларда көбіне отбасылық қарама-қайшылықтар өршіп, дау-жанжалға айналады екен. Оның ішінде: 65 % жағдайда - ерлі-зайыптылар арасындағы дау- жанжал, 28 % - ата-аналар мен ересек балалар арасындағы дау-жанжал, 7 %
- балалары арасындағы дау-жанжал. психологтар өз кезегінде, жалпы ата-аналар дау-жанжал кезінде балаларына қатысты 65 % жағдайда зорлық көр-сететініне, ал балалар ата-аналар қатысты 35 % жағдайда зорлық көрсететі- ніне назар аудартады. Бірақ, егер балалардың ішінде кәмелетке толмаған- дарды бөліп алып қарастырсақ, 14-17 жас аралығындағылар тарапынан болатын зорлық 80 %-ға дейін артатынын көруге болады. Бұл, әрине, жеке адамға қарсы зорлық көрсету қылмысы жасалған отбасында болған, шынайы криминологиялық жағдай орын алған кездегі статистикалық мәліметтер. Осыдан отбасылық криминологиялық (немесе қылмыстық) жағдай деген түсінік туралы айтуға болатын сияқты. Ол отбасылық қарым-қатынас жүйесімен тығыз байланысты. Бұл жерде басты компоненті: жеке адам және оның отбасындағы мінез-құлқы, оның отбасындағы ұстанымы, қылмыстық әрекеттің қалыптасу үдерісінің ерекшелігі және оның себебі, жәбірлену- шінің құрбандылық мінез-құлқы, оның кінәлі әрекетіне реакциясы болып табылатын жағдай сөз болып отыр. Жалпы — бұл криминологиялық жағдай белгілері бар отбасылық жағдай. Отбасылық қылмыс себебімен тығыз байланысты - зорлық сипаты ерекшеленеді. Осы жағдайда зорлық пен оның себебін бір-бірінен ажыратпау керек. Әдебиеттерде отбасылық қылмыс- тарды зерттегенде олардың бірлігі анық қарастырылған.

Ғалым-криминалистер Ю.М. Антонян мен С.В. Бородин қызықты мәлі-меттер келтіреді. психикалық ауытқулары бар қылмыскерлерді зерттегенде олар тәрбиеленген отбасыларының 14,3 % - «оң» баға алған (сұрағандар мен тексеру жүргізгендердің сөзіне қарағанда), 40,5 % - «теріс» баға алса, 35,7 %
- «бейтарап» деп бағаланған, себебі оларда оң және теріс мінез-құлықтар байқалған. Теріс мінез-құлықты деп баға бергенде олардың жүйелі түрле спирттік ішімдіктер ішкені, отбасында дау-жанжал, ұрыс-керіс орын алғаны, туындаған дау-жанжал дөрекі, зорлық көрсету арқылы шешілгені, ата- аналар балаларына қатысты өз міндеттеріне селқос қарағаны, құқық бұзушылыққа барғаны және т. б. есепке алынған. Осыған байланысты, қылмыскерлер

Buketov University

тәрбиеленген 40,5 % «теріс» отбасылары балалардың психи- касына жақын ортасының кері ықпалы туралы қорытынды жасауға себепкер болады, бұл жағдай қоғамға жат мінез-құлыққа әкеп соғатын мінезіндегі ерекшеліктердің қалыптасуына, адамның өмір салты мен мінез-құлқына кері әсер ететін күші бар, психикалық ауытқулардың пайда болуына немесе дамуына қолайлы алғышарт болып табылады.

Құрбандылық мінез-құлық - ауытқыған мінез-құлықтың типтерінің бірі.

Тікелей қоршаған орта кез келген әлеуметтік білім берудің әлеуметтік бағдарламасын құрайтын нормалар жүйесін тасушысы рөлін атқарады. Мұндай бағдарламаның болуы оған нақты әлеуметтік ортаны құрушылар тарапынан бағыну қажеттігін білдіреді. Бірақ жеке адамның бірегейлігі бұл бағдарламаға келіспеу мүмкіндігін де болжайды, онда қоршаған ортаның ықпалы туралы айту еш негізсіз (14,3% отбасы «оң» баға алғанын ескерсек). Яғни, қылмыскерлерге өзгелеріне қарағанда үстем болып келетін, адамның психофизикалық жүйесіне әсер етуге қабілетті, аса күшті импульстар болуы мүмкін.

***Отбасылық құрбандылық және отбасылық цылмыстыц цұцыц бұзушылыцтар***

Отбасылық қарым-қатынасқа келетін болсақ, бұл жерде құрбантану отбасылық құрбандылық үдерісін зерттеумен айналысады, және ең алдымен қылмыскер мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынастың біртіндеп даму проблемасын қарастырады. Отбасылық құрбандылық отбасылық қылмыс- тың тудырады ма деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап бергенде осындай құрбандылықты дұрыс түсіндірмеу қылмыс туралы қате түсінікке әкеп соғатынын ескеру керек. Ол криминализация үдерісімен байланысты ма? Г.Й. Шнайдер атап көрсеткендей, құрбантану мен криминализация негіздері бір: қылмыскер мен оның құрбаны бір әлеуметтік ортадан шыққан, бастапқы әлеуметтік жағдай. Бұл жерде қылмыс пен құрбандылық орнықты көлем ретінде ғана қарастырылмайды. Ал енді бір әлеуметтік ортасы - отбасына келетін болсақ, бұл жағдайда криминализация (қылмыскердің қалыптасуы) және құрбантану (құрбанның қалыптасуы) әлеуметтік өзара әрекеттестік үдерісі ретінде талдануы мүмкін.

Көп жағдайда отбасында құрбанның өзі қылмыскерді «қалыптастырады» және «тәрбиелейді», яғни қылмыс жасауға ынталандырады, кейде құрбан- ның өзі қылмыскердің қалыптасуын аяқтайды. Бұл көбіне нашақорлықтың кесірінен орын алатын отбасылық кісі өлтіруге қатысты. Мұнда көп жағдайда жәбірленуші кісі өлтіру құрбаны болуға «үнсіз» келіседі, мас күйінде қылмыскермен сөзге келіседі, оны нақты әрекеттерге итере отырып, арандатады. Көбіне бұл қылмыскер мен құрбан бірге спирттік ішімдіктерді ішкенде болады, оны шектен тыс ішіп алғаннан кейін бірге есірткі сатып алады,

Buketov University

қолданады, ұрланған ақша, құндылықтарды, заттарды және т.б. бөлі- седі. Себепші элементтерімен интеракция, өзара әрекеттестік және айырбас- тау орын алады. Отбасылық қылмыстардың 50 % жағдайында құрбан (егер қылмыскер мен құрбан бір әлеуметтік ортадан шыққан болса) өз мінез- құлқы, ерекшелігі, көзқарасы, талабы, қажеттіліктері, себептеріне қарай әрекет «құптайды», оны өзіне қарсы қояды, көбіне кінәліні арандатады. Әрине, мұндай жағдайда жазаның әділетті болуы үшін, мәселені қылмыстық құқық ұстанымы жағынан шешу керек.

Кейбір ғалымдар «қылмыстың кейбір бөлімін қоғамға жат элементтер бірін бірі жейтін үдеріс ретінде» қарау керектігін айтады. Бұл көбіне халықтың ең төменгі сатысындағы (маргиналдарға) адамдарға және олардың отбасылық қылмыстарына қатысты. Мұндай жағдайда ғалымдар қылмыс- керді оның әлеуметтік байланыстарымен бірге (оған құрбан да кіреді) құрбанға оның әлеуметтік байланыстарымен бірге (оған қылмыскер де кіреді) қарсы қояды. Сөйтіп кінәлі мен жәбірленуші субъектілік-объектілік қарым-қатынас жағдайында бір біріне тәуелді болады. Бұл жерде қылмыс- кердің қоршаған ортасы (отбасылық ортасы) құрбанның ортасымен (отба- сылық ортасымен) салыстырылады да, кінәлі мен жәбірленушінің жеке бастары нақты сипатталып қана қоймай, олардың отбасындағы «ұстаным- дары» да анықталады. Осындағы құрбантанудың мәні қылмыскердің құр- банды қалайша өз объектісі ретінде алғанын анықтау. Отбасылық қарым- қатынас саласындағы қылмыстық әрекетте құрбансыз болмайды. Құрбан міндетті түрде бір нақты адам (немесе адамдар) болуы керек. Отбасылық қылмыскер өзінің қылмыстық әрекетімен өз жақындарын (соның ішінде отбасы мүшелерін) құрбаны етеді.

Г.Й. Шнайдер мәліметтері бойынша, адамдардың 64 % балалық шағында немесе жас кезінде қылмыскердің құрбаны болса, есейгенде өзі де қылмыскер болады, олардың тек 22 % балалық және жас шақтарында мұндайды басынан өткермеген екен. Г.А. Алиев пен Н.К. Сафиуллиннің мәліметтерінше, бұл пайыздық көрсеткіш әлдеқайда жоғары - 70 % және
19 %. Проблеманы отбасылық қарым-қатынас шеңберінде зерттеу олардың 76 % балалық шағында (14 жасқа дейінгі кезеңде) отбасылық қылмыстың құрбаны болып, есейгенде (18 жас және одан жоғары) өздері де қылмыс жасаған, ал бала кезінде оны басынан өткермегендер тек 14 % құрайды екен. Және де балалық шағында құрбан болғандар өздеріне жасалған қылмыстан да ауыр қылмысқа барған екен. Сондай-ақ, оларға қатысты қылмыстардың 65 % маскүнемдік жағдайда жасалса, 9 % есірткі қолданғанда жасалған, ал есейген шақта олар жасаған қылмыстың 70 % мас күйінде, 22 % есірткі пайдаланған күйде жасаған.

БҰҰ мәліметтері бойынша, 15-49 жас аралығындағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың ең жоғары деңгейі Африканың оңтүстік Сахара, Оңтүстік Азия және Океания елдерінде (33 %-51%) байқалады. Америкада әйелдердің 25



Buketov University

%-ы зорлық-зомбылыққа ұшырайды, Австралия мен Жаңа Зеландияда - 23 %, Еуропада - 16 %-дан 23 %-ға дейін, тиісінше Батыс Еуропада бұл көрсеткіш 21 %, Шығыс Еуропада - 20 %. Орталық Азияда ресми деректер бойынша көрсеткіш 18% - құрайды. Көптеген жағдайларда зорлық-зомбылықты әйелге жақын ер адамы немесе жұбы жасайды. Алайда, Орталық Азиядағы салыстырмалы түрдегі төмен көрсеткіштер отбасылық- тұрмыстық қылмыстарының аздығы туралы емес, тек анықталған қылмыс- тар туралы мәлімет береді. Мәселен, ҚР ІІМ Қазақстанда отбасылық- тұрмыстық саладағы моральдық қысым мен ұрып-соғу фактілерінің бір бөлігін тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының өздері жасырады деп хабарлайды[17].

Соңғы уақыттары байқалып отырған отбасы институты маңызының төмендеуі балаларды тәрбиелеу үдерісінде теріс фактор болып отыр. Отбасындағы қолайсыз моральдық климат отбасы мүшелеріне, әсіресе кәмелетке толмағандар мен кішкентай балаларға орны толмас залал келтіріп, ықпал ету дәрежесіне қарай аса қауіпті болып табылады. А.Э. Побегайло пікірінше, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық мінез-құлықтары- ның 30-40 % тікелей отбасындағы жеке тұлғаның қалыптасуына әкеп соға- тын қолайсыз жағдайларға байланысты екен[18]. Автор сондай-ақ, қолайсыз отбасыларынан шыққан кәмелетке толмағандардың құрбандылықтарының жоғары екенін атап өтеді, себебі көбіне солар бірінші кезекте, отбасы ортасынан тыс жерде қылмыстық және өзге де қоғамға жат әрекеттерге тартылуға бейім болады.

Отбасындағы қолайсыз ахуал және кәмелетке толмағандарға қатысты үйдегі зорлық оның жеке басының қалыптасуына теріс әсер етеді. Әлеу- меттік мінез-құлықтың өзгеруін зерттеу бойынша Орегон орталығының зерттеулері отбасындағы балаға деген қатал қатынас оның ересекте агрессиялы болып дамуына, зорлық пен мейірімсіздікке деген қабілетті болуына, физикалық агрессияны өмірлік стиль ретінде ұстануға әкеп соғатыны көрсетіп отыр. Балаларға үйде көрсетілген зорлық пен олардың болашақтағы қатігез, қылмыстық мінез-құлқы арасындағы өзара тікелей байланысты ресейлік - психиатрлар да дәлелдеп отыр. Жарияланған психолого-психиатрикалық кешенді сот сараптамасында топтамалық сексуалдық кісі өлтірушілер мен бірнеше кісі өлтірген шизофрениямен ауыратын адамның психоталдауынан оның өскен отбасындағы қолайсыз ахуал мен зорлау сипатындағы қылмыскердің жеке басының қалыптасуы арасындағы байланыс анық көрінеді.

---

[17] һйр8://24.к2/ги/пе№8/інсійепі8/і!ет/552386

[18] Побегайло А.Э. Семейное неблагополучие и несовершеннолетний преступник. — Ставрополь, 2006. — 5-б.



Buketov University

Көрсетілген мәліметтер ғылыми гипотезалармен өзара байланыста, яғни әрбір адам, бірегей әлеуметтік ортада бола отырып, оған жауап беру нормасына ие болады, яғни қоршаған ортаның әлеуметтік және физикалық әсеріне жауап берудің бір ғана жеке тәсілін меңгереді. Әлеуметтік анықта- маларды талдай отырып, олардың жүйке реакциясының психофизиоло- гиялық механизмдерде басылып қалғандарын (жазылып қалған) ескеру керек. Қылмыстық мінез-құлық генезисінде жеке бас жағдайларының рөлін де теріске шығаруға болмайды, себебі қылмыскер жеке басының құрылымы әлеуметтік сипаттардан және адамгершілік-психологиялық қасиеттерінен тұрады, олардың көбі әлеуметтік қана емес табиғи негізге ие.

Егер отбасылық келеңсіздікті кеңінен қарастыратын болсақ, ол ұлттық қауіпсіздікке залалын тигізеді, ал ананы, балалық шақты, үйдегі зорлық құрбандарын қорғау және олармен күрес (отбасылық қолайсыздықтармен) - мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл жағынан алғанда, халықаралық тәжірибені, соның ішінде бұрындары КСРО құрамына енген елдердің (мысалы, Украина) тәжірибесін зерттеу керек.

Отбасын әлеуметтік институт ретінде қарай отырып, Щербакова Л.М. қолайсыздық тек отбасы құрылымында деген зерттеушілер пікірін теріске шығарады, ол отбасының өмірлік іс-әрекетін зерттеу қажеттігіне назар аудартады. Ол өз еңбегінде қазіргі қазақстандық отбасы өз дамуында осы әлеуметтік институтта проблемалы және көбіне тиімді бола бермейтін аса күрделі кезеңдерді басынан өткереді дейді. Отбасылық келеңсіздіктің криминологиялық маңызын сөз еткенде ол отбасының, әсіресе, ананың баланың сәби кезінен бастап әлеуметтенуінде алатын орнын көрсетеді. Бірақ, А.Ф. Зелинский, В.Н. Мясищев, Г.М. Миньковскийлердің пікірлеріне қосы- ла отырып және психолог Э. Эриксон дайындаған жеке бастың даму теориясына сүйене отырып, Щербакова Л.М. кісі өлтірушінің, бандиттің және т. б. жеке тұлға ретінде қалыптасуына сәбилік шақтағы келеңсіз жағдайдың рөлін өсіре сөз етудің қажеті жоқ деп есептейді, себебі жеке тұлға балалық шақта жинаған тәжірибе ықпалынан толықтай қалыптасты деу[21] шындыққа жанаспайды .

Отбасылық құрбандылық анық жас аспектісіне ие. Отбасылық қылмыс- тан жәбірленушілер арасындағы құрбандану былайша бөлінеді: егер кәме- летке толмағандардың, әсіресе 14-15 жасында және ересектердің 50 жас және одан да егде жасында құрбан болу қаупі жоғары болса, 30-40 жас пен 41-50 жаста ол әлдеқайда төмен. Құрбандылыққа аса бейім 16-17 жастағы кәмелетке толмағандар мен 18-20, 21-25 және 26-30 жастағы ересектер, олардың жасында өлтірілгендер 60 % құрайды. 31-35 және 36-40 жаста құрбандылық азды-көпті тұрақты (орташа есеппен 30 %). Шамамен 41-45 жаста және одан егде жаста

Buketov University

құрбандану мүмкіндігі төмендейді (10 % дейін). Пайыздық мөлшермен әйелдерде кісі өлімінің құрбаны болу қаупі 21-25 және 26-30 жасқа келеді. Кәмелетке толмаған қыздардың 16-17 жастағысы мен әйелдердің 31-40 жасы одан аздау, ал ең азы - кәмелетке толмағандар қыздардың 14-15 жасы және әйелдердің 40-тан асқандары құрайды. Мұнда, көріп отырғанымыздай, екі фактор ескеріледі: жасы және жынысы. Бірақ ең бастысы - қылмыскер мен оның құрбаны арасындағы байланысты анықтау, яғни «кінәлі-жәбірленуші» қарым-қатынасын айқындау.

Отбасылық қылмыс құрбандарының құрбандылық мінез - құлқы

Отбасылық зорлық мәселесін қарастырғанда ерекше орынға отбасылық қылмыс құрбаны болған адамның құрбандылық мінез-құлқының түрі немесе формасы (типі) қойылады. Құрбанданудың үш формасын ерекше атап өту керек, олардың отбасылық қылмысқа тікелей қатысы бар: түрткі болатын құрбандылық, агрессиялы және арандатушы құрбандылықтар. Соңғы форма әсіресе ауыр және аса ауыр қылмыс түрлерімен тығыз байланысты. Кісі өлтірудің шамамен 70 % агрессиялы-арандату құрбандану нәтижесінде жасалса, арандату нәтижесінде - 85 % зорлау орын алған. Бұл жағдайда қылмыскерлер мен құрбандар - бір әлеуметтік типтер болып табылады. Ғылымда қылмыскер мен оның құрбаны арасында «ашық емес» өзара қарым-қатынас орнауы туралы пікір қалыптасқан, олар «қылмысқа қарсы екеуі де барады» дегенді білдіреді. Әрине, ешқандай келісім болмайды, бірақ интеракция, өзара әрекет пен себеп элементтерінің алмасуы орын алады. Міне, құрбанданудың, әсіресе агрессиялы-арандатушылық құрбандылық- тың қауіптілігі осында жатыр.

Криминологияда құрбандылық мінез-құлықтың екі типі бар: тұрақты (кейде оны жеке бастылық деп атайды) және тұрақсыз (кейде оны жағдаят- тық). Тағы да екі түрі туралы айтуға болады: белсенді және әрекетсіз құрбандылық мінез-құлық. Құрбандылықтың артуы - мінез-құлық стилі, өмір салты, отбасылық қылмыстан зардап шеккен «әлеуетті жәбірленуші- лерге» тән сипатқа үнемі болып отыратын дау - жанжал, ұрыс-керіс, адамдар арасындағы кері қатынастар, қатігездік, спирттік ішімдіктерді бірге ішу, бірге есірткі қабылдау жатады. Мұндай жәбірленуші құрбандануы денсау- лыққа ауыр залал келтіру, зорлау сияқты қылмыс түрлерін өзіне тартумен сипатталады. Ол адамдар қылмыскерлер үшін құрбандылық жағдайларға оңай түсуімен оңай олжа болып табылады, себебі олар әдетте қылмыскерге жақын болады. Отбасылық қылмысқа келер болсақ, құрбандылықтың артуы шамамен 55 % жағдайда орын алады.

Психиатторлардың бақылауы есірткіге немесе алкогольге тәуелді адам-дардың мінез-құлқы мен өмір салты отбасы мүшелерінің денсаулығына үнемі

Buketov University

және ұзақ уақыт әсер ететін психикасына жарақат әкелетін фактор екенін көрсетіп отыр. Отбасылық ахуалдың қолайсыздығы, әсіресе наша- қорлар бар отбасында психопатия немесе психопатиялық мінездің қалып- тасуына ықпал етуі мүмкін. Отбасы мүшесінің бірінің есірткіге тәуел- ділігінің басталуы мен дамуы басқа мүшесі үшін психикалық зардап әкеледі. Бұл құбылыс психологияда «бірге тәуелдену» деген атауға ие болды.

Бірге тәуелденудің құрбандылықтан туындайтын криминологиялық жағ- дайдың қалыптасуына тікелей қатысы бар. Криминологиялық әдебиетте жеке деңгейдегі құрбандылық әлеуетті құрбанның қоғамдық қауіпті қол сұғушылыққа қарсы әрекет етуге дайындығы мен қабілеттілігімен, оны алдын ала біліп, дер кезінде жауап бере білуімен ерекшеленеді деп көрсетіл- ген. Жәбірленушіге залал келтіру оның абайсыз әрекетінен де, жағдайды дұрыс бағаламай, салдарынан қате мінез-құлыққа баруынан да болуы мүм- кін. Мамандар оң мінез-құлықты құрбанның «түрткі» сипатында болатын жағдайларды бөліп қарастырады. Құрбанның оң мінез-құлқы отбасылық дау-жанжал кезінде зорлықпен қол сұғуды арандатады, ол шамамен 25 % жағдайда орын алады екен. Қылмыстық істердің материалдарын зерттеу көрсетіп отырғандай, мұндай оң мінез-құлық шеңберіне болашақ құрбанның есірткіге тәуелді субъектіден әлеуметтенуді талап ету жатады (есірткі неме- се алкогольді пайдалануды тоқтату, жұмысқа тұру, емдеуді бастау немесе жалғастыру және т. б.).

***Отбасылъщ-тұрмыстъщ салада цұрбандылъщ деңгейін төмендету жолдары***

Өз кезегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйек Қазақстан халқына Жолдауының «Заң және тәртіп» атты бесінші бағдарында «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды.

Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басы- нып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекет- тер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондық- тан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек»[19] - деп отбасылық-тұрмыстық қатынастар сала- сындағы

---

[19] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына



Buketov University

құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесіне баса назар аударды.

Статистикалық деректерді талдау Қазақстан аумағында нашақорлық пен алкоголизм негізінде жасалған отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылық қылмыстарының өскенін көрсетеді. Интернет желісінің ақпараты бойынша әр жылдың қаңтар-шілде айларында - 2018 жылы - 374, 2019 жылы - 497, 2020 жылы - 601, 2021 жылы - 568, 2022 жылы - 520 отбасылық-тұрмыстық қылмыстық құқық бұзушылық жасалған. Айта кету керек, отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтар жағдайындағы негізгі проблема — бұл жағдайлардың көпшілігі қылмыстық құқық бұзушылыққа емес, әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады. Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылық саласындағы оң динамикаға қарамастан, ҚР-дағы отбасылық зорлық-зомбылықтың нақты жағдайы өкінішті[20]. Жыл басынан бері полицейлерге тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы 68 мыңнан астам хабарлама келіп түсті.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан полицейлерге көмек сұраған қазақстандықтардың көпшілігі кейіннен тиісті өтініштер жазудан бас тартады. Мұндай өтініш берушілердің үлесі 63 % құрайды, деп хабарлады ІІМ брифингінде.

Бұл мәселе ІІМ жанындағы Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне айналды, онда аталған құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту мәселесі қаралды.

Әлеуметтік қызметтердің мәліметінше, Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының орташа жасы 33 жасты құрайды. Олардың көпшілігі экономикалық тәуелді әйелдер[21]. Осы ақпараттардың өзі қоғамда отбасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оны қылмыстық қолсұғушылықтар мен қылмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесінің өткір тұрғандығының дәлелі.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл проблемаларына үнемі назар аударылғанына қарамастан, ғылымда жалпы мәселелерге көп көңіл бөлінеді және аймақтық ерекшеліктер ескерілмейді. Осыған байланысты отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің теориялық және практикалық мәселелеріне арналған криминологиялық зерттеулерді одан әрі дамыту қажет.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу өте күрделі, бұл осы қылмыстардың себептері

---

Жолдауы // hйр8://№№№.акогйа.к2/к2/теш1еке1-Ьа88hy8у-ка8уш-2hотаг1-1окаеү1уп-ка2ак8Iап- haIкупа-гhоМаиу-181416

[20] hйр://гапкіп§.к2/ги/а/іп1ороүойу/

[21] hйр8://іп1огтЬиго.к2/поүо8Ii/63

Buketov University

мен шарттарын анықтаудағы қиындықтармен, сондай-ақ әдістемелердің жетілмегендігімен, қарастырылып отырған салада профилактикалық қызметті ұйымдастырудың тиімсіз деңгейімен байланысты. Аймақтық деңгейдегі құқық қолдану практикасы жаңа тиісті зерттеулерді талап етеді, оның сұраныстары аталған қылмыстардың алдын алу тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты.

Отбасылық-тұрмыстық қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері отандық және жақын шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған. Алайда, олар қылмыстылықтың алдын алудың басқа мәселелерін зерттеді. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық құ- қық бұзушылықтарды зерделеу қажеттілігі, біріншіден, оларды криминоло- гиялық талдау тұрғысынан, екіншіден, ішкі істер органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың аймақтық деңгейде олардың алдын алу тұрғысынан анықталады. Сондықтан, диссертациялық зерттеудің ерекшеліктері ғана емес, оның өзектілігі де артады.

Әдебиеттерде құрбандылық деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар түрі көрсетілген: 1) залал келтіру мүмкіндігі бар жағдайларды жоюға бағыт- талған шаралар; 2) қылмыстың әлеуетті құрбанының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған шаралар. Есірткіге тәуелді мүшесі бар отбасы- ның мүшелерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірумен байланысты жағдайларды жою аса күрделі мақсат. Бұл отбасы ішіндегі дау-жанжалдың беймәлімдігімен байланысты, себебі оның дамуы нақты құрбандылық жағ- дайының қалыптасуы және жылдам дамуымен қоса жүреді. Бұл жағдайда құрбандылық мінез-құлықтың жеке алдын алуы аса тиімді болып табылады.

Құрбандылықтың алдын алудың басқа бағыты - отбасында отбасы мүшелерінің бірінің алкогольдік немесе есірткіге тәуелділігі негізінде жасалған зорлықпен жасалған қылмыстың жағдайы бір басқа. Ғылым мен тәжірибеде қылмыскер мен жәбірленуші арасында әлеуметтік келісімді орнату, сондай-ақ оған ықпал ететін әлеуметтік нормалар мен құндылық- тарды дайындап, қолдауға қол жеткізу мақсаты тұр. Бұл мақсатқа қол жеткі- зудің құқықтық тәсіліне қайта қалпына келтіретін сот өкімінің доктринасын жүзеге асыру. Қайта қалпына келтіретін сот өкімі тұжырымдамасының мәні қылмысқа және оған берілетін жазаға, оны жасаған адам мен жасалған қылмыстан жәбір шеккен адамға деген ерекше қатынас. Ең алдымен құрбанға келген моральдық, психологиялық және материалдық залалдың орнын толтыру, кінәліні жазалаудың орнына әлеуметтік жағынан қайта қалпына келу үдерісімен алмастыру маңызды болмақ. Қайта қалпына келтіретін сот өкімінің идеясы басынан бастап қылмыс нәтижесінде бұзылған жәбірленушінің, қылмыскердің және қоғамның мүдделерінің арасында әлеуметтік және заңдық тұрғысынан

Buketov University

тиімді тепе теңдікті іздестіру қажеттігіне негізделді. Қоғамға қылмысқа әсер ету тәсілдерінің алғышартын құрған кезде дұрыс тепе теңдік қажет. Егер сөз қоғамдық қауіптілігі аса жоғары емес қылмыстар туралы болса, онда қылмыстық-құқықтық жанжал- ды, яғни қылмысты, оған қатысушы жақтарды, яғни кінәлі мен жәбірлену- шіні реттеу мүмкіндігі туралы мәселені көтерген дұрыс болады. Қайта қалпына келтіретін сот өкімі негізіне екі жақты достастыру процедурасы (әрине бұл кісі өлтіру және денеге ауыр жарақат салу істерінде мүмкін емес), кінәлі адамның өкінішін көрсету жатса, бұл операция өзінен өзі құрбан- дылық жағдайын жояды, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын кәсіби психологтың қатысуымен айқындап береді. Сондай-ақ екі жақтың келісімге келуі қылмыстық тергеу кезінде пайда болатын жәбірленуші құрбандануының қайталануын болдырмайды. Тергеу әрекеті шеңберінде жәбірленуші бірнеше рет жауап алу, бетпе-бет кездестіру жүргізуді бастан өткізеді, міндетті түрде сараптамалық зерттеуден өтеді. Оның санасында қайта-қайта басынан кешірген зорлық пен қорлық картинасы келеді. Сөз жоқ, мұндай жағдайларда, одан қашу мүмкін емес жағдайларда құқықтық және психологиялық тұрғыда аса жұмсақ процедуралар, соның ішінде қайта қалпына келтіретін сот өкімін қолданған дұрыс.

Құқық қорғау органдары мен сот жүйесімен қарым-қатынасқа түсудің өзі жәбірленуші үшін қылмыстан да өткен психологиялық жарақат әкелетінін ескерсек, мынадай қорытынды жасауға болады:

1) әйелдерде өз құқықтарын қорғауға деген ерік-жігердің жеткіліксіз;

2) өз құқығын қорғай білу дағдыларының жеткіліксіздігі;

3) оған осы жағдайда көмектесетін мамандар туралы ақпараттың жоқтығы.

Ұзақ уақыт бойы зорлық (психологиялық қысым, ұзақ уақыт бойы қор- лық көру) көріп келе жатқан әйелдер санының мамандарға құқықтық және өзге де көмек сұрап келген әйелдер санынан көптігі де назар аудартарлық проблема. Осы бақылаудан мынадай болжам асауға болады:

1) өз жағдайын «сыртқы» объектілік жағдай деп түсіндіруге бейімділік;

2) өз жағдайының «созылмалы, ұзақ уақытқа созылғанын» және оны өзгертуді сыртқы білікті көмексіз қиын болатынын жеткілікті түрде түсінбеу;

3) бұл көмектің білікті түрде көрсетілетініне сенімсіздік пен оған көмектесе алатын мамандар туралы ақпараттың жоқтығы.

Қазіргі уақытта Қазақстанда құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесінде қайта құру қаралуда. Кейбір субъектілер еліміздің аймақтарының бағдарла-маларында жұмыстар жүргізуде. Осы кезеңде құрбантанулық профилактика мәселелері ескерілетін болса, жалпы қылмыстылықтың алдын алу мәселе-лерімен ұштасар еді.

Отбасылық зорлықтың құрбандылығын алдын алу мына қадамдармен

Buketov University

байланысты:

- отбасы ішілік ұжымдық маскүнемдік, алкоголизм және нашақорлық деңгейін төмендету бойынша шаралар қолдану;

- отбасы ішілік зорлықтан қорғаудың құқықтық және психологиялық тәсілдерін кеңінен насихаттау;

- құқық қорғау органдарының тіпті бір рет қана орын алған болса да, отбасылық зорлық фактісіне дер кезінде және дұрыс қарауы;

- отбасылық зорлық фактісі тіркелген отбасының құрбан болуы мүмкін мүшелерімен жеке алдын алу жұмысын жүргізу;

- жеке құрбандылықты алдын алу жұмысын жүргізуге маман-психологтарды кеңінен тарту;

- жәбірленушілердің қайтадан құрбан болуын болдырмау мақсатында заң қарастырған жағдайларда қайта қалпына келтіретін сот өкімі процедурасын қолдану.

1. Құрбантанудың пайда болуы мен дамуы.
2. «Құрбантану» (криминологиялық) түсінігіне анықтама беріңіз.
3. Құрбантанудың заты не?
4. Қылмыс құрбандарын зерттеу кезінде қылмыс жасауға жағдай туғызатын себептер мен шарттардың теориялық және тәжірибелік мәні қандай?

Buketov University

5. Заң ғылымындағы, оның ішінде криминология жүйесіндегі құрбантанудың орнын сипаттаңыз.
6. Құрбантанудың мақсаты мен міндеттерін анықтаңыз.
7. Құрбантанудың жаңалығы қандай?
8. Қылмыс құрбандарының құқықтарын реттеудің шетелдік тәжірибесі.
9. Құрбантанудағы және қылмыстық іс жүргізудегі құрбан.
10. Шетелдердегі қылмыс құрбанының түсінігі мен маңызы.
11. Құрбантану ұғымы.
12. Жаппай құрбанданудың түсінігі.
13. Жаппай құрбанданудың сипаттамасы.
14. Құрбантанудың жай-күйі, деңгейі және қарқыны (динамикасы).
15. Құрбантанулық жағдай түсінігі және оның құрылымы.
16. Құрбантанулық детерминанттардың ұғымы.
17. Қылмыс құрбандарын жіктеудің мәні.
18. Жәбірленушіні мінез-құлық сипатына қарай жіктеудің ерекшелігі.
19. Типология ұғымына сипаттама беріңіз.
20. «Жәбірлеушінің әлеуметтік-психологиялық типі» ұғымы.
21. Қылмыстың алдындағы және қылмыс кезіндегі детерминанттық мағына.
22. Қылмыстың пайда болуындағы қылмыс құрбанының рөлі.
23. Қылмыстан кейінгі қылмыс құрбаны мінезінің мәні.
24. Қылмыстық құқықтағы құрбантанулық аспектілер.
25. Қылмыстылыққа әсер ететін құрбантанулық бағыттың сипаттамасы.
26. Құрбантанулық алдын алу.
27. Арнайы құрбантанулық алдын алудың негізгі құрамдас бөліктері.
28. Құрбантанулық алдын алудың субъектілері.
29. Құрбантанулық алдын алу қылмыстылыққа әсер етудің бір бағы ретінде (мүмкіндіктері мен болашағы).
30. Түрлі виктимдік мінез-құлқы бар жәбірленушілерге қатысты құрбантанулық алдын алу.
31. Түрлі санаттағы жәбірленушілерге қатысты қылмыстардың алдын алу шаралары.
32. Құрбанның кінәсі. Оның қылмыскердің кінәсіне қатыстылығы.
33. Шетелдердегі құрбантанулық алдын алудың ерекшеліктері.
34. Отбасындағы қылмыстық мінез-құлыққа бастайтын құрбантанулық механизмдер.

Buketov University

35. Отбасылық құрбандану және отбасылық қылмыстар.

36. Отбасылық қылмыстардағы құрбанның виктимділік мінез-құлқы.

## БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

37. Отбасылық қылмыстардағы құрбанның виктимділік мінез- құлқының түрлері.

38. Виктимділік деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар сипаттамасы.

39. Отбасылық күш қолданудағы құрбантанулық алдын алудың негізгі бастаулары.

40. Қылмыс құрбанын қорғаудың түрлері (Қазақстандағы және шетелдердегі).

41. Тұрмыстық күш қолданудың құрбандарын қорғаудағы қоғамдық қозғалыстардың қалыптасу және даму кезеңдері (Қазақстандағы және шетелдердегі тәжірибе).

Buketov University

1. Құрбантанудың пайда болуы мен дамуы.
2. «Құрбантану» түсінігіне анықтама беріңіз.
3. Құрбантанудың заты не?
4. Қылмыс құрбандарын зерттеу кезіндегі теориялық және тәжірибелік ерекшеліктер.
5. Заң ғылымындағы, оның ішінде криминология жүйесіндегі құрбантанудың орнын сипаттаңыз.
6. Құрбантанудың негізгі мақсаты мен міндеттері.
7. Құрбантану - жеке ғылым ба, әлде криминологияның бір саласы ма?
8. «Құрбантану» (криминологиялық) анықтамасының қалыптасуы мен дамуы.
9. Құрбантанудағы және қылмыстық іс жүргізудегі құрбан.
10. Шетелдердегі қылмыс құрбанының түсінігі.
11. Құрбандану (әдебиеттердегі).
12. Жаппай құрбандану.
13. Құрбанданудың жай-күйі, деңгейі мен қарқыны.
14. Құрбантанулық жағдай түсінігі және оның құрылымы.
15. Құрбантанулық детерминанттардың ұғымы.
16. Қылмыс құрбандарын жіктеудің мәні.
17. Жәбірленушіні мінез-құлық сипатына қарай жіктеудің ерекшелігі.
18. Құрбанданудағы жіктеу мен типтеу.
19. Жәбірленушілердің жіктелуі.
20. Қылмыстың алдындағы және қылмыс кезіндегі детерминанттық мағына.
21. Қылмыстың пайда болуындағы қылмыс құрбанының рөлі.
22. Қылмыстан кейінгі қылмыс құрбанының мінезі. Оның мәні.
23. Қылмыстық құқықтағы құрбантанулық аспектілер.
24. Қылмыстылыққа әсер ететін құрбантанулық бағыттың сипаттамасы.
25. Құрбантанулық алдын алудың мәні.
26. Құрбантанулық алдын алудың ерекшеліктері.
27. Арнайы құрбантанулық алдын алудың негізгі құрамдас бөліктері.
28. Құрбантанулық алдын алудың субъектілері.
29. Құрбантанулық алдын алу қылмыстылыққа әсер етудің бір бағы ретінде (мүмкіндіктері мен болашағы).
30. Түрлі виктимдік мінез-құлқы бар жәбірленушілерге қатысты құрбантанулық алдын алу.
31. Түрлі санаттағы жәбірленушілерге қатысты қылмыстардың алдын алу шаралары.

Buketov University

## БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

32. Шетелдердегі құрбантанулық алдын алудың ерекшеліктері.

33. Отбасындағы қылмыстық мінез-құлыққа бастайтын құрбантанулық механизмдер.

34. Отбасылық құрбандану және отбасылық қылмыстар.

35. Отбасылық қылмыстардағы құрбанның виктимділік мінез-құлқы.

36. Отбасылық қылмыстардағы құрбанның виктимділік мінез- құлқының түрлері.

37. Виктимділік деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар сипаттамасы.

38. Отбасылық күш қолданудағы құрбантанулық алдын алудың негізгі бастаулары.

39. Қылмыс құрбанын қорғаудың түрлері (Қазақстандағы және шетелдердегі).

40. Тұрмыстық күш қолданудың құрбандарын қорғаудағы қоғамдық қозғалыстардың қалыптасу және даму кезеңдері (Қазақстандағы және шетелдердегі тәжірибе).

Buketov University

РЕФЕРАТ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Жәбірленушілер құқығын қылмыстан қорғаудың мәселелері.
2. Қылмыс құрбанының мінез-құлық аспектісіндегі сипаттамасы.
3. Қылмыстарды құрбантанулық алдын алуды жетілдірудің (ұйымдастырушылық және құқықтық қамту) мәселелері.
4. Қылмысқа әсер етудің құрбантанулық аспектілері.
5. Қылмыстың жәбірленушісі (қылмыстық құқықтық және құрбантанулық жағы).
6. Күш қолдану қылмыстары (құрбантанулық аспектісі).
7. Құрбантанулық негізде күш қолдану қылмыстарының алдын алу.
8. Құрбантанудың негізгі мәселелері.
9. Қылмыс құрбанының жеке қалыптасуындағы шағын орта.
10. Отбасылық қылмыстардағы құрбандардың типтері.
11. Құрбантанудың қалыптасуы мен дамуы.
12. Қылмыс құрбаны (Қазақстандық және шетелдік тәжірибе).
13. Отбасылық күш қолдану қылмыстарын құрбантанулық алдын алу.
14. Криминалдық жағдайдағы қылмыс құрбанының рөлі.
15. Қылмыстан жәбірленушінің криминологиялық сипаттамасы.

1- жаттығу

Buketov University

## ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Ресми мәліметтер бойынша тапсырыспен адам өлтірудің құрбандары:

- кәсіпкерлер болды - 32 %,
- билік органдарының басшылары болды - 4 %,
- қызметтік міндеті қаржыны бөлумен, оның айналымына бақылау жасаумен байланысты болды - 9 %,
- қылмыстық топтардың ұйымдастырушылары немесе оның мүшелері болды - 37%,
- мемлекеттік билік органдарының әр түрлі деңгейдегі саясаткерлері, журналистері, қоғамдық немесе діни ұйымдар мен бірлестіктердің жетекшілері болды - 4 %.

Виктимділіктің жоғарыдай әркелкі бөлінуі қандай жағдаймен түсіндіріледі.

2- жаттығу

Адамдардың қауіпсіздігіне байланысты виктимология келесідей факторларға бөлінеді:

- ақпараттық;
- ұйымдастырушылық;
- психологиялық;
- психофизиологиялық;
- адамгершілік;
- идеологиялық;
- мәртебелілік;
- материалдық.

Әрбір фактордың мәнін ашыңыз.

3- жаттығу

Виктимділікті азайту жөнінде ұсыныстар дайындаңыз.

Жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы қатынастың жалпы сипаттамасы, олардың өзара байланысы.

Виктимділікті жіктеңіз.

Криминологиядағы виктимділікті ескертудің міндеттері.

1. Қылмыскер мен құрбан арасындағы қарым-қатынастар:
- екі ұшты;
- белгілі;

Buketov University

## ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ЖАТТЫҒУЛАР

- кездейсоқ;
- бауырлас;
- достық.

2. Құрбандардың типтері:
- жалғасқан құрбан;
- бейтарап құрбан;
- бақталас құрбан;
- арандатушы құрбан;
- қатысушы құрбан.

3. Адам қандай жағдайда қылмыс «құрбаны» болып саналады:
- басқа адамның заңсыз әрекеті;
- жеке мінез-құлық;
- жағымсыз өмір жағдайы;
- кездейсоқ оқиға;
- білімінің деңгейі.

4. Виктимология дегеніміз не?
- қылмыскердің жеке тұлғасы туралы білім;
- қылмыстылық туралы білім;
- қылмыстың құрбаны туралы білім;
- жасырын құрбан туралы білім;
- әкімшілік ққұқық бұзушылықтар туралы білім.

5. Криминология ғылымындағы виктимология ұғымы:
- күдікті тұралы ұғым;
- қылмыскер туралы ұғым;
- жазланғандар туралы ұғым;
- құрбан туралы ұғым;
- саудагерлер туралы ұғым.

6. Жекеленген адамның виктимділігі:
- белгілі бір жағдайда қылмыс құрбанына айналу қабілеті;
- қылмыққа қасақана көмектесушінің ниеті;
- қылмысты орындау қабілеті;

Buketov University

- қылмыс жасаудан бас тарту;
- алдын ала сөз байласушылық.

7. Виктимділік ұғымын беріңіз:
- жәбірленушінің теріс мінез-құлықы;
- қылмыстық әрекетке қатысты саналы немесе санасыз көңіл болу;
- құрбанның қоғам мүддесіне жағымсыз қатынасы;
- қылмыстық актімен іске асырылған қылмыстың құрбаны болу;
- құқық бұзушының теріс мінез-құлықына әсер еткен себепті факторлар.

8. «Құрбандану» термині нені білдіреді?
- қылмыстық қол сұғуға нысана болатын жоғары қабілеттілік;
- қылмыстық әрекет нәтижесіне қатысты болатын құрбанның мінез-құлығы;
- өзіне қатысты құрбанның кінәлі мінез-құлығы;
- объективті жағдаймен тойтаруға болатын қауіптен құтылу қабілетсіздігі;
- потенциалды құрбанға айналу процесі нақтылы, ақырғы және жиынтық нәтижесі.

9. Құрбан мен қылмыскер арасындағы өзара қатынастардың түрлерін атаңыздар:
- айқын, ынталы, құқыққа қарсы;
- белгісіз, алдын ала анықталған, кездейсоқ;
- батыл, ресми, қысқа уақытты;
- хабарланған, негізгі, дұрыс;
- потенциалды, негативті, ынталы.

10. Құрбандардың типтерін атаңыздар:
- бейтарап, құрбан-қатысушы, арандататын;
- кездейсоқ, қасақана, құқыққа қарсы;
- ерекше, нақтылы, еріксіз;
- виктимді, дербес, тура;
- енжар, белсенді, ерекше.

11. Ықтимал құрбанның арандататын әрекеттері қандай түрде көрінеді?
- тура, жанаманың;
- ынталы, елгезек;
- белсенді, енжар;
- абайсызда, заңсыздық;
- потенциалды, ұқыпсыз.

Buketov University

12. Қылмыстың субъективті жағының мазмұны бойынша қылмыстың құрбандарын жіктеңдер:

- біркелкі объекті қылмыстарының құрбаны, қылмыстың белгілі бір түрінің құрбаны;
- алдын ала белгісіз құрбан, арандатушы-құрбан;
- психикасында ауытқулар бар құрбан, позитивті құрбан;
- қасақана қылмыстылықтың құрбаны, абайсызда жасалған қылмыстылықтың құрбаны;
- меншікке қарсы қылмыстардың құрбандары, физикалық зиян шеккен құрбан.

13. Жәбірленушіге келтірілген зиянның сипаты бойынша қылмыстың құрбанын жіктеңіз:

- қасақана қылмыстылық құрбаны, алдын ала анықталған құрбан, кездейсоқ құрбан;
- психикасында ауытқулар бар құрбан, абайсыз қылмыстылық құрбаны, енжар құрбан;
- қылмыстың белгілі бір түрінің құрбаны, белгісіз құрбан, енжар құрбан;
- сапалы құрбандар, жүйелік құрбан, біркелкі объекті қылмыстарының құрбаны;
- физикалық зиян шеккен құрбандар, материалдық зиян құрбандары, моральдық зиян келтірілген құрбан.

14. Қылмыстардың генезисінде жәбірленушінің рөлі бойынша қылмыс құрбанын жіктеңдер:

- бейтарап құрбан, қатысушы-құрбан, арандатушы-құрбан;
- белгісіз құрбан, материалдық зиян құрбандары, кездейсоқ құрбан;
- қасақана қылмыстылық құрбаны, алдын ала анықталған құрбан, әлеуметтік құрбан;
- біркелкі объекті қылмыстарының құрбаны, психикасында ауытқулар бар құрбан;
- қылмыстың белгілі бір түрінің құрбаны, материалдық зиян құрбандары.

15. Қылмыскер мен жәбірленушінің өзара қатынастар түрі бойынша қылмыс құрбанын жіктеңдер:

- белгісіз құрбан, материалдық зиян құрбандары, кездейсоқ құрбан;
- қасақана қылмыстылық құрбаны, алдын ала анықталған құрбан, әлеуметтік құрбан;
- алдын ала белгісіз құрбан, алдын ала анықталған, кездейсоқ құрбан;

Buketov University

- қылмыстың белгілі бір түрінің құрбаны, материалдық зиян құрбандары;
- физикалық зиян шеккен құрбандар, абайсыз қылмыстылық құрбаны, қатысушы-құрбан.

16. Қылмыстың құрбанына айналу процесі аталады:
- криминализациялану;
- девианттық;
- виктимділік;
- маргиналдық;
- декриминалдық.

## ҚҰРБАНТАНУЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ СӨЗДІГІ

Агрессивті жәбірленушілер — мінез-құлқысы зиян келтірушіге немесе басқа тұлғаларға шабуыл жасау, немесе әр түрлі формадағы агрессия түрінде көрінетін - тіл тигізу, жала, тәлкекке салу, болып табылатын жәбірленушілер. Оларға жатады:

а) жалпы жағдайдағы агрессивті зорлаушылар (бұзақылар, психикалы аурулар, жүйке жүйесі бұзылған тұлғалар);

б) талғамды агрессивті зорлаушылар (отбасылық деспоттар, даугерлер);

в) жалпы жағдайдағы агрессивті арандатушылар. Олардың агрессивті мінез-құлықтары физикалық зорлықпен байланысты және қатаң адресті- лікке ие емес (бұзақылар, негативті кекшілдер және т. б.).

Белсенді жәбірленушілер — мінез-құлықтары шабуылмен немесе жанжал ара-қатынас түріндегі түрткімен байланысты емес, бірақ өз-өздеріне зиян келтіруге активті әсер ететін жәбірленушілер (саналы айтақтаушылар, абайсыз айтақтаушылар, саналы өз-өзіне зиян келтірушілер және абайсыз өз- өзіне зиян келтірушілер).

Әлеуметті түр — өзінің жетекші мінездемелерін тұрақты мінез-құлық тәсілдері түрінде көрсететін белгілі тұлға түрі.

Бастамашыл жәбірленушілер — лауазымы, қоғамдағы жағдайы бойынша жеке қасиеттер күшімен бастамашыл жәбірленушілер.

Бейтарап құрбандар — мінез-құлқы мінсіз, ешқандай қылмыстық әрекеттерді туғызбайтын, жағдайды сын көзімен түсінетін құрбан.

Виктимизация — бұл тұлғаның құрбанға айналу процессі.

Виктимизация құрылымы (жеке дәрежеде) виктимизация объектісі және субъектісі, виктимизацияның объективті (ситуативті) және субъективті (қызу-ерікті) жақтары сияқты элементтерді қосады.

Виктимизация объектісі — бұл, қылмыстың жасалуына байланысты, виктимизацияның нәтижесінде әлеуметті жағымсыз өзгеріске ұшыраған,

Buketov University

қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қарым-қатынас (игілік, құндылықтар).

Виктимизацияның объективті жағын жағдай элементтері құрайды: орын, уақыт, зиян келтіру тәсілі, арандату ретінде жәбірленуші мінез-құлқы. Жәрдемдесу, виктимизацияға қарсы әрекет, виктимизация нәтижесі, яғни виктимизация субъектісінен тыс (бір жағынан, әрқашан тәуелсіз емес) өмір сүретін заттар.

Виктимизацияның субъективті жағы қосады: себеп, мақсат, ниет немесе оның виктимизация нәтижесіне қарым-қатынасы, қабылдау, ұғыну және зиян келтіру механизміне «салымын» анықтайтын жәбірленуші байқаусыздығы.

Құрбантану тура мағынада — «құрбан туралы ғылым» (лат. ^ікііта - құрбан және грек. Іодок - ғылым).

Құрбантану көзі — қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, криминалистика, заңды психология, сотты медицина және т. б

Құрбантану мақсаты (кең мағынада) — жан-жақты, толық, терең құр- бан тұлғасын зерттеу, оның виктимизация және нақты қылмыс механизмін- дегі рөлі, яғни, қылмыстан жәбірленушіге айналу процессі.

Құрбантану міндеті — құрбан ролінде болған, сонымен қатар, ешқашан тікелей қылмыс құрбаны дәрежесін иеленбеген тұлғаларды зерттеу, одан басқа, құрбантану жәбірленуші тұлғасының ғылыми ақпаратының біріккен құрбантанулық тұжырымдамаларға сәйкес шоғырлану және ұғыну мәсе- лесін шешеді.

Құрбантану тақырыбы — қылмыстан моральдік, физикалық және материалдық зардап шеккен тұлғалар; олардың міңез-құлықтарының жасал- ған қылмыспен сол немесе басқа қарым-қатынаста болған (қылмыстан кейінгі мінез-құлықты қосқанда); қылмысқа дейін қылмыскер мен құрбанды байланыстырған қарым-қатынас, зиян келтіру жүзеге асқан жағдайлар.

Құрбантанулық детерминанттар — жасалған қылмыс нәтижесімен себепті ара-қатынастағы процесстер. Олар потенциалды жоғары виктим- діліктің қалыптасуын анықтайды және қылмыстың жасалуына әсер етеді.

Құрбантанулық жағдай — жоғарғы виктимді потенциясы бар тұлғаның қалыптасу жағдайларының жиынтығы: нақты қылмыс алды (өмірлік) жағдай, бірыңғай бірлескен процесс түрінде қарастырылатын, нақты дара виктимділік жүзеге асатын қылмыстан кейін қалыптасқан жағдайлар және қылмыс.

Құрбантанулық кінә — бұл ниет түріндегі қауіп-қатерге тап болған тұлғаның психикалық мінез-құлқы немесе өзінің әрекеттеріне және олардың нәтижелеріне оған моральдік, физикалық немесе материалдық жағынан байқаусыздығы.

Buketov University

Құрбантанулық профилактика — профилактиканың барлық жүйесі- мен тығыз байланысты, қылмысты алдың алу жүйесіндегі арнайы бағыт.

Виктимділік — белгілі жағдайда құрбан бола алу қабілеті немесе қыл- мысты объективті алдын алуға болатын жерде ондай қауіптен құтылу қабілетсіздігі.

Виктимділік деңгейі — белгілі уақыт аралығында, белгілі бір әлеуметті топқа жататын, жалпы тұлғалар санында қол сұғушылыққа тап болған тұлғалардың меншікті орташа салмағы

Виктимизация деңгейлері: 1-ші - тікелей құрбан, яғни, физикалық тұлға;
2- ші - отбасы; 3-ші - ұжым, ұйым; 4-ші - аудан, аймақ халқы.

Виктимділік динамикасы виктимділік жағдайының нақты уақыт аралығындағы өзгерісін, оның жеке деңгейін және құрылымының тіркесін және толық жиынтығын көрсетеді.

Виктимділік жағдайы — физикалық тұлғаларға зиян келтіруге еліктір- ген, абсолютті сандармен берілген қылмыстар саны; бұл қылмыстардан зардап шеккендер саны, сонымен қатар, қылмыспен зиян келтірілген жағ- дайлар, себебі олардың саны қылмыспен жәбірленушілерге (құрбандарға) қарағанда көп болуы мүмкін.

Детерминанттар — оқиғасын тудыратын, шарттайтын нақты факторлар (жағдайлар).

Жағдай қысымы — бұл, берілген жағдайды құрайтын жағдайлар жүйе- сіне кіретін және оларды үлкен немесе кіші адекваттылықпен бағалайтын және қабылдайтын, тұлғаға психологиялық әсер ететін деңгейді білдіретін оның объективті құрылымының мінездемесі.

Жаппай виктимизация субъектісі — көпшілік, құрбандар жиынтығы - жеке виктимизация субъектілері. Бірақ, бұл ерекше, өзі жана қасиет көрсететін, ұжымдық құрбан емес. Бұл жағдайда виктимизация субъектісі және құрбаны ұғымдары бірдей емес.

Жаппай виктимділік — қоғамның жағдайын көрсететін, қылмыспен байланысты тарихи ауыспалы құбылыс; әртүрлі деңгейде зиян келтіруге және қылмыс жасауға детерминттейтін, әртүрлі сипатты жеке виктимді бірлігінде көрінетін барлық құрбандардың және белгілі уақыт мерзімінде белгілі территорияда физикалық тұлғаларға және жалпы халық үшін зиян келтірілген актілерінің, және оның жеке осал потенция топтарының жинағында байқалады.

Жәбірленуші — криминалды құрбантануда «құрбан» терминімен қатар қолданылатын термин.

Жеке виктимизация субъектісі — әрқашан да физикалық тұлға, тікелей қылмыс құрбаны (жәбірленуші).

Buketov University

Жеке виктимділік — бұл қылмыстың бар болуымен шартталған, объективті адамзатқа тән (бірақ фатальді емес) қылмыс құрбаны бола алу қабілеті түрінде көрінетін жеке тұлғаның осалдық жағдайы.

Жеке-қалыптастыратын жағдай — қылмыскерге шешуші әсер ететін, факторлар, жағдайлар жүйесі оның жеке бағытталғандығын қалыптастыру және қоғамдық қауіпті қондырғылар.

Жіктеу — бұл тұрақты топтау (құрбантануда - жәбірленушілер белгілері).

Криминал алды (өмірлік) жағдай — қылмыс жасайтын, субъектінің жеке қасиеттерімен әсер ететін және тікелей қылмыс алдында болатын жағдайлар жиынтығы

Криминалды жағдай — тікелей қылмыс (қылмыс жасалу жағдайы).

Криминогенді жағдай — жеке-қалыптастыратын және криминал алды жағдайды қосатын қылмыс алдыңдағы криминологиялық механизмнің даму деңгейі.

Криминологиялық құрбантану — криминология шеңберінде ғылыми-қолданбалы бағыт.

Криминологиялық жағдай — ол қаншалықты қылмыс оқиғасынан (жеке-қалыптастыру жағдайы) бөлініп тұрса да, қылмыскер тұлғасының қалыптасу кезенін қосатын, криминал алды (өмірлік) жағдай, тікелей ал- дыңғы қылмыс, қылмыстың өзі (криминалды жағдай), сонымен қатар, бірік- кен себепті байланысқан процесс ретінде қарастырылатын посткриминалды жағдай сияқты жағдайлар жиынтығы.

Криминологиялық жағдай қосады:

а) қылмыскер тұлғасының қалыптасу жағдайы;

ә) қылмыс жасауға итермелейтін, нақты ой қалыптасатын және (немесе) нақты жағдай пайда болатын жағдай;

б) қылмыстың өзі;

в) қылмыстан кейінгі жағдай.

Құрбан лат. — ^ісііта, ағылш. - ^ікііш, фр. - ^ікііше. Отандық құрбантануда «құрбан» терминімен қатар «жәбірленуші» термині қолданылады.

Құрылымдық виктимділік әр түрлі белгілер бойынша құралады: жыныс, жас, білім және жәбірленушіге қатысты басқа параметрлер; зиян келтірген қылмыскерге, сонымен қатар, қылмысқа қатысты белгілер. Ол зиян келтірілген, белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір территорияда қылмыстардың жалпы көлеміндегі бөлек қылмыстар түрлерінің меншікті салмағын; бөлек қылмыстар түріндегі әр түрлі жәбірленушілер топтарының меншікті салмағын; әр түрлі топтардағы және жәбірленушілердің жалпы саны, бөлек қылмыстардан жәбірленушілердің меншікті салмағын көрсетуі міндетті.

Buketov University

Қылмыстан зардап шеккеннің әлеуметтік-психологиялық түрі — толық немесе аз көлемде түпнұсқаны көрсететін, яғни, зерттеу және жалпылау объектісі болған, нақты тұлғалардың сумма нәтижесі тәрізді типті, сипаттау бойынша құрылған модель.

Енжар жәбірленушілер — қарсылық білдірмейтін жәбірленушілір (жасай алмайтын немесе жасағысы келмейтін).

Посткриминалды жағдай — қылмыстан кейін, қылмысқа қатысты барлығы, оның нәтижесі, саралануы, бағасы, қылмыскер мен құрбан (егер тірі болса) мінез-құлқын мінездейтін барлық жағдайлар жиынтығы.

Сыналмайтын жәбірленушілер — абайсыздықтарын, өмірді дұрыс бағалай алмау білместігін (төмен интелект) көрсететін жәбірленушілер.

Типология — аз немесе кем біркелкі бірліктерді бөлуге және бір түрдің дара шамаларын таңдау мүмкіндігін беретін қиын құбылыстардың дифференциациясы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:


1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. — Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (кейінгі өзгерту және толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 03 шілде. — Алматы, «Норма-К» баспасы.
3. Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» № 271-ГУ Заңы 2010 жылғы 29 сәуір (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ // hйр8://айі1е1.2ап.к2/ка2/йос8/2100000271_
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» № 674 Жарлығы // hПр8://агіі1е1.2ап.к2/ка2/гіос8/Ш100000674
5. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Егемен Қазақстан. 2012, 14 желтоқсан.
6. Акылбай С.Б. Роль органов прокуратуры в профилактике корыстно-насильственной преступности: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Караганда, 2007.
7. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану): Оқу құралы (Конспекті үшін). — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. — 120-б.
8. Алауханов Е.О. Криминология: Оқулық. — Алматы: Жеті жарғы, 2005.
9. Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений: Учебн. — Алматы: Заң әдебиеті, 2008. — 376-б.


Buketov University

10. Алиев Г.А., Сафиуллин Н.К. Умышленные убийства: их особенности, классификация и предупреждение. — М., 1996.

11. Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н. «Криминология» пəні бойынша практикум. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. — 50-б.

12. Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н. Ішкі істер органдарымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу: Дəрістер жинағы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 — 78-б.

13. Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., Криминология. Ерекше бөлім: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 — 256-б.

14. Артықов Б.С. Предупреждение проявлений этнической преступ- ности в РК: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Караганда, 2007.

15. Бытовой развод // РБК гіаііу. — 2007. — № 42 (111).

16. Варчук Т.В., Вишневецкий К.В. Виктимологические нюансы криминологической ситуации в России // Криминологический журнал. — 2007. — № 1 (11).

17. Вишневецкий К.В. Криминогенная виктимизация социальных групп в современном обществе: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М.,
2007.

18. Волков М.А. Формирование личности несовершеннолетнего преступника: Современное состояние и перспективы развития юридической психологии в Северо-Кавказском регионе // Мат-лы первой региональной науч.-практ. конф. — Ставрополь, 2001.

19. Данилов Ю.И. Психология семьи // Вестник Тамбовского университета. 1998. № 4.

20. Джахбаров Ю.А. Криминологическая характеристика и профилак- тика насильственных преступлений на виктимологической основе. Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Рязань, 2004.

21. Джаянбаев К.И. Виктимологические аспекты предупреждения тяжких преступлений против личности // Государство и право. — 2005. — № 11.

22. Жадбаев С.Х. Криминология: Краткий курс лекций. — Алматы: Жеті жарғы, 2002. — 144-б.

23. Жумабаев Е.Ж. Уголовно-правовая политика РК в сфере защиты прав человека: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Караганда, 2006.

24. Задорожный В.И. Виктимологическая профилактика преступлений: организационно-управленческий и правовой аспекты: Монография. — М., 2005.

25. Задорожный В.И. Проблемы совершенствования организационного и правового обеспечения виктимологической профилактики преступлений // Российский следователь. — 2006. — № 3.

26. Ибраева А.Н. Уголовно-правовые и криминологические проблемы

Buketov University

борьбы с насилием должностных лиц (статья 347-1 УК РК): Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Астана, 2008.
27. Иншаков С.М. Зарубежная криминология. — М., 1997.
28. Исаев Н.В. Виктимологическое направление предупредительного воздействия на преступность: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Н. Новгород, 2003.
29. Каиржанов Е.И. Криминология: Общая часть. — Алматы, 1995.
30. Кайрулла Е.К. Проблемы виктимологии ненасильственных хищений чужого имущества: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Астана, 2005.
31. Квашис В.Е. Вавилов Л.В. Зарубежное законодательство и практика защиты жертв преступлений. — М., 1996.
32. Квашис В.Е. Основы виктимологии. Проблемы защиты прав потерпевших. — М., 1999.
33. Кенбаев Ж.А. Психические аномалии и преступность: проблемы и предупреждение: Автореф. дис. ... канд.юрид.наук. — Қарағанды, 2008.
34. Князев В.В., Верещагин В.А., Жмыхов А.А. Преступность в зарубежных странах (1990-2002 гг.): Пособие / Под общ. ред.
Н.И. Сазоновой. — М.: ВНИИ МВД РФ, 2004.
35. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» /Под общ. Ред. И.И. Рогова, С.С. Молдабаева. — Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2011. - 100-б.
36. Криминология / Под ред. А.И. Долговой. — М., 1997.
37. Криминология вчера, сегодня, завтра // Труды Санкт- Петербургского криминологического клуба. — 2005. — № 2 (9).
38. Криминология және қылмыстың алдын алу: Сызбалар альбомы / Құрастырған: М.Қ. Ынтықбаев, С.Қ. Алтайбаев. — Қарағанды: Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 136-б.
39. Криминология и профилактика преступлений: Учебн. / Под ред. профессора Алексеева А.И. — М., 1989.
40. Криминология / Ответ. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж.--------Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2004. — 336 б.
41. Криминология. Учебн. для вузов / Под общ. ред. д-ра юрид. н., проф. А.И. Долговой. — М., 2001.
42. Криминология: Дәрістер курсы / Жауапты ред. И.Ш. Борчашвили. — Астана: Дәнекер, 2005.
43. Криминология: Курс лекций / Под ред. А.И. Алексеева. — М.,1998.
44. Криминология: Учебн. / Под ред. Н.Ф. Кузнецова, В.В. Лунева. — М., 2005.
45. Криминология: Учебн. Т00 «Қазығурт» баспасы. — 2006. — 584-б.
46. Крылов Н. Плюс гуманизация всей страны // Российская газета. — 2008. — № 232 (4789).

Buketov University

47. Кудрявцев В.Н., Эминов В.Е. Криминология. — М., 2002.

48. Морчев И.А. Виктимологические аспекты предупреждения насильственных преступлений, совершаемых в сфере семейных отношений // Российский следователь. — 2006. — № 11.

49. Орешкин Н.Ф. Семья и дети. Семейные отношения и конфликты // Социологические исследования. — 2000. — № 3.

50. Остроумов С.С., Франк Л.В. О виктимологии и виктимности // Советское государство и право. — 1976. — № 4.

51. Побегайло А.Э. Семейное неблагополучие и несовершеннолетний преступник. — Ставрополь, 2006.

52. Полубинский В.И. Правовые основы учения о жертве преступления. — Горький, 1979.

53. Құлжақаева Р.Б., Қызылов М.А., Алтайбаев С.Қ. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы және оның алдын алу: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014. — 87-б.

54. Ривман Д.В. Виктимологические факторы и профилактика преступлений. — Л., 1975. — С. 26.

55. Ривман Д.В. Криминальная виктимология. — СПб., 2002.

56. Ривман Д.В., Устинов В.С. Виктимология. — СПб., 2000.

57. Алтайбаев С.Қ. Виктимология негіздері: Оқу құралы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014. — 77-б.

58. Алтайбаев С.Қ. Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған дін ағымдарының қысқаша түсіндірмесі: Ақпараттық-танымдық басылым. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014. — 13-б.

59. Сафиуллин Н.Х. Виктимное поведение несовершеннолетних и совершаемые против них насильственные преступления (криминологичес- кий анализ): Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1995.

60. Серийные убийцы (Избранные экспертизы) / Под ред. д-ра мед. наук А.О. Бухановского. — Ростов н/Д., 1994.

61. Смирнов А.Л. Потерпевший от преступления: уголовно-правовое исследование. Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Ростов-на-Дону, 2007.

62. Фатеев А. Противодействие насилию в семье: законодательный опыт Украины // Учёные записки. — 2006. — № 1. Серия «Право». — Ростов н/Д.,

63. Фатеев А.Н. Домашнее насилие и семейное неблагополучие как криминологические факторы преступности // Криминологический журнал. — 2007. — № 1 (11).

64. Фатеев А.Н. Домашнее насилие: опыт криминологического исследования: Дис. . канд. юрид. наук. — М., 2006.

Buketov University

65. Франк Л.В. Потерпевшие от преступления и проблемы советской виктимологии. — М., 1980.
66. Щербакова Л.М. Женская насильственная преступность в современ- ной России: криминологические проблемы: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М., 2008.
67. Ынтықбаев М.Қ., Алтайбаев С.Қ. Криминология бойынша жаттығу- лар жинағы. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе ... 3
1. Құрбантану ұғымы мен пәні ... 6
2. Құрбантанудың негігі ұғымдары ... 13
3. Қылмыс құрбандары және олардың мінез-құлықтарына сипаттама .. 24
4. Қылмысқа әсер етудің құрбандылық бағыттары ... 38
5. Отбасылық-тұрмыстық салада зорлықпен жасалған қылмыстардағы құрбандылықтың алдын алу ... 49
Емтихан тапсыруға арналған бақылау, тест сұрақтары ... 62
Бақылау жұмыстарының тақырыптары ... 64
Реферат жұмыстарының тақырыптары ... 66
Тақырып бойынша жаттығулар ... 67
Тақырып бойынша тест тапсырмалары ... 68
Құрбантанулық терминдердің сөздігі ... 72
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: ... 77

Buketov University

# ҚҰРБАНТАНУ

Оқу құралы

***Совет Қапашұлы Алтайбаев***

**Редактор:** *Б. А. Қалиев* **Техникалық редактор:** *С. М. Аубакирова*

Тексеруге 10. 10. 2023 ж. Басуға 13.11. 2023 ж. қол қойылды. Қалыбы 60х84716.
Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа. Шартты баспа табақ 4,8. Есепті баспа табақ 3,7.
Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 226.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі.
Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 2023 жылға арналған әдебиеттер шығару жоспарының № 26 тақырыбы.

Қазақстан Республикасы ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының баспаханасында басылды

[17] Джаянбаев К.И. Виктимологические аспекты предупреждения тяжких преступлений против личности // Государство и право. — 2005. — № 11. — 103-б.[21]

Buketov University

[18] Щербакова Л.М. Женская насильственная преступность в современной России: криминологические проблемы: Автореф. дисс. ... д-ра юрид. наук. — М., 2008. — 34-35-б.

Buketov University